

«Бекітемін»  
«SCAT» Әуе компаниясы» АҚ  
Президенті

/МӨРІ/

/қолы қойылған/ В.И.Денисов

«1» қаңтар 2011 ж.



«SCAT» ӘУЕ КОМПАНИЯСЫ» АҚ-НЫҢ  
РЕЙСТЕРІНЕ  
ЖОЛАУШЫЛАР МЕН ЖҮК ТАСЫМАЛЫН САТУ  
Е Р Е Ж Е Л Е Р І

ТҮПНҰСҚА

## МАЗМҰНЫ:

### 1 Бөлім

1 Тарау. Жалпы ережелер .....	3
1.1 Жалпы талаптар .....	3
1.2 Заңнамамен өзара қатынас .....	6
1.3 Ережелерді өзгерту.....	6
2 Тарау. Әуемен тасымалдау келісімшарты.....	6
3 Тарау. Әуе билеттерін брондау ережелері .....	7
3.1. Брондау .....	7
3.2. Түзілген және расталған брондардағы жолаушының атын өзгерту .....	8
3.3. Билет пен билет түбіртегі .....	8
3.4. Жолаушының әуе билетін тапсыру .....	10
3.5. Электронды билет .....	10
4 Тарау. Кейбір жолаушылар санаттарын әуемен тасымалдау ережелері .....	11
4.1 Топтық тасымалдауды рәсімдеу ережелері .....	11
4.2 Мүгедектерді және науқас жолаушыларды тасымалдау ережелері .....	11
4.3 Сүйемелдеусіз баланы тасымалдау ережелері .....	14
4.4 Жүкті әйелдерді тасымалдау ережелері .....	15
4.5 Қазақстан Республикасынан шығу/кіру ережелері .....	15
4.6 Транзиттік және трансферлік жолаушыларды тасымалдау .....	15
4.7 Искерлік санат жолаушыларын тасымалдау.....	16
4.8 Сервистік билеттер бойынша жүретін жолаушыларды тасымалдау .....	16
5 Тарау. Үй жануарларын тасымалдау ережелері .....	17
6 Тарау. Багажды тасымалдау.....	17
6.1. Жалпы талаптар .....	17
6.2. Багажды ақысыз алып жүру нормасы.....	17
6.3. Тіркелген багаж.....	18
6.4. Жолаушының заттары (қол жүгі).....	19
6.5. Ақылы (нормадан жоғары) және габаритсіз багаж.....	20
6.6. Нормадан жоғары багажға төлеу үшін түбіртек .....	20
6.7. Әуе кемесінің салонында багажды тасымалдау .....	21
6.8. Дипломатиялық багаж (пошта), қызметтік хат-хабар .....	21
6.9. Багаждың ішіндегісіне қойылатын талаптар.....	21
6.10. Қару-жарақты, оқ-дәрілерді және арнайы құралдарды тасымалдау .....	23
6.11. Багаждың құнын мәлімдеу.....	24
6.12. Багажды орау.....	25
6.13. Багажды беру.....	25
6.14. Багажды сақтау және жүзеге асыру.....	25
6.15.Қалып кеткен, ұмытылған және жіберілген багаж.....	26
6.16. Багаждың, жүктің және жолаушының заттарының жоғалуы, жетіспеушілігі және (немесе) зақымдалуы (бүлінуі) үшін тасымалдаушының жауапкершілігі .....	26
6.17. Пошталық жөнелтімдердің жоғалуы, жетіспеушілігі және (немесе) зақымдалуы мен жеткізудегі кешіктіру үшін тасымалдаушының жауапкершілігі .....	27

7 Тарау. Қосымша ақпарат.....	27
7.1 Әуе кемесінің бортында жолаушыларға қызмет көрсету .....	27
7.2 Ұшудың алдында жолаушыларды тіркеу және багажды рәсімдеу .....	28
8 Тарау. Жүктерді тасымалдау тәртібі.....	30
9 Тарау. 200 жүгін тасымалдау тәртібі .....	33
10 Тарау. Тасымалдаушының, жолаушының және жүк жөнелтушінің құқықтары .....	33
10.1. Тасымалдаушының құқықтары.....	33
10.2. Жолаушы мен жүк жөнелтушінің құқықтары.....	34
11 Тарау. Рейсті кешіктіру, жою кезіндегі тасымалдаушының жауапкершілігі .....	34
12 Тарау. Жер аударылған жолаушыларды және Қазақстан Республикасының аумағынан әкімшілік негізде қуылған жолаушыларды тасымалдау .....	35
<b>2 Бөлім</b>	
Тарифтерді қолдану ережелері .....	37
1 Тарау. Жалпы ережелер.....	37
1.1 Ережелерді тағайындау.....	37
2 Тарау. Тасымалдауды сату .....	37
2.1 Тасымалдауды рәсімдеу .....	37
2.2 Әуе билеттерінің жарамдылығы.....	38
2.3 Әуе билетінің жарамдылық мерзімінің мәжбүрлі ұзартылуы .....	38
2.4 Билетті қайта рәсімдеу немесе қайта брондау .....	39
3 Тарау. Пайдаланылмаған әуе билеттері үшін сомаларды қайтару .....	40
4 Тарау. Алымдар.....	41
5 Тарау. Балалар тарифі .....	44
6 Тарау. Багажды ақысыз алып өту нормалары мен Нормадан жоғары багаж .....	45
7 Тарау. Интерлайн тасымалдауларды сату.....	45
8 Тарау. Жеңілдіктер.....	45
1 Қосымша: Терминдер, анықтамалар, қысқартулар, шартты қысқартулар мен белгілер ..	46

## 1 Тарау. Жалпы ережелер

### 1.1. Жалпы талаптар

- 1.1.1. Осы ережелер Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрінің 2010 жылдың 07 қазанындағы №448 санды Құрылымына сәйкес, сонымен қатар ауа тасымалы саласындағы халықаралық құқық құжаттарының негізінде құрастырылған.
- 1.1.2. Осы ережелер «SCAT» әуе компаниясының жүзеге асыратын ішкі және халықаралық жолаушыларды, багаж бен жүкті әуеде тасымалдау шараларын орындау кезінде барлық технологиялық процестерге қолданылады. Ережелер Тасымалдаушының, Тасымалдаушының қызметін пайдаланатын азаматтардың, жүк жөнелтушілердің және қабылдаушылардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін бекітеді.
- 1.1.3. Ережелер, егер олар қаралық әуе тасымалы саласындағы конвенцияларға, халықаралық азаматтық авиация ұйымының құжаттарына (ХААҰ, ХӘКҚ), сонымен қатар Қазақстан Республикасының қолданыстағы халықаралық осындай тасымалдау шаралары жүзеге асырылатын елден немесе сол елдің аумағы арқылы сол елдің заңнамасындағы әуе хабарламасы туралы келісімшарттарына және желісімдеріне қайшы келмесе, жолаушыларды, багаж бен жүктің халықаралық әуе тасымалына таратылады.
- 1.1.4. Ережелер жолаушыларды, багаж бен жүкті әуе тасымалдау келісім шарттарының шарттарын жасасу әрі орындау барысында сақталуы тиіс жолаушыларды, багаж бен жүкті тасымалдаудың жалпы шарттарын бекітеді.
- 1.1.5. Жолаушыларды, багажды және жүктерді әуемен тасымалдау келісімшартын жасасу барысында тасымалдау құжатын рәсімдеу күні әре кет ететін ережелер, тарифтер мен алымдар қолданылады.
- 1.1.6. Тасымалдауды сату, тасымалдау құжаттарын тіркеу рәсімдерін орындау, отырғызу, түсіру (тиееу және түсіру) барысында жолаушыларға және олардың багаждарына, жүк жөнелтушілерге (жүк алушыларға) қатысты туындайтын осы ережелерді дамыту барысында шығарылған осы ережелерді және басқа да нормативті құжаттарды қолдануға қатысты мәселелерді Тасымалдаушының лауазымды тұлғалары, оның Өкілетті агенттері, немесе Қызмет көрсетуші ұйымның лауазымды тұлғалары шешуі тиіс.

Осы Ережелерде келесі ұғымдар мен терминдер қолданылады:

- 1) әуе компаниясы – азаматтық әуе кемелердің эксплуатантының сертификатына ие заңды тұлға;
- 2) агент – жолаушыларды, багажды, жүкті және поштаны тасымалдау үшін құжаттаманы рәсімдеумен байланысты барлық үрділерді орындау барысында тікелей өкілеттік берілген немесе онда аты нан әрекет ететін әуе компаниясын ұсынатын жеке немесе заңды тұлға;
- 3) багажды (PIR - Property Irregularity Report), жүкті (CIR - Cargo Irregularity Report) тасымалдау барысында олқылықтар туралы акт - әуе компаниясымен және жолаушымен жасалатын бір немесе бірнеше компаниясының әуе кемелерінің тасымалдайтын багажда (жүкке) келтірілген зиянды анықтау бойынша тез арада жолаушының (алушының) қатысуымен әуе компаниясының тарапынан рәсімделген құжат;
- 4) әуежай - әуе кемелерін қабылдау мен жіберуге, әуе тасымалдауларына қызмет көрсететін және осы мақсаттар үшін тағайындалған аэродром, әуе вокзалы, басқа да қажетті құрылыстар мен жабдықтарға ие құрылыстар кешені;
- 5) жеткізілетін әуежай (орын) - әуе тасымалы келісімшартына сәйкес, жолаушыны, багажды немесе жүкті жеткізетін әуежай (орын);
- 6) жөнелту әуежайы (орны) - әуе тасымалы келісімшартына сәйкес, жолаушыны, багажды немесе жүкті тасымалдау шарасы басталатын әуежай (орын);
- 7) трансфер әуежайы (орны) - әуе тасымалдау келісімшартына сәйкес, жолаушының қайта ауысып отыратын немесе тасымалдауға бойынша ары қарай жүру үшін бір рейстен басқасына жүкті қайта арту жүргізілетін билетте немесе жүкқұжатта көрсетілген әуежай (орын);

- 8) багаж - әуе кемесінің бортында тасымалданатын жолаушылар немесе экипаждың жеке заттары;
- 9) тіркелген багаж – багаждың сақталуы үшін жауапкершілікті өз мойнына ала отырып тасымалдау үшін әуе компаниясының қабылдаған және ол үшін багаж түбіртегі мен багажға арналған нөмір белгісін берген жолаушының багажы;
- 10) жіберілген багаж - әуе компаниясының кінәсінен жөнелту орнына жіберілмеген багаж;
- 11) сұрауы жоқ багаж – багаж белгісінде жүрсетілген жөнелту әуежайына (орнына) келіп жеткен және жолаушының тарапынан алынбаған багаж;
- 12) тіркелмеген багаж – тіркелгеннен бөлек, «Қол жүгі» деген белгімен куәландырылған және багаж бөлімшелеріне және жолаушылар салонына орналастырылған Тасымалдаушының келісімімен әуе кемесіне тасымалданатын жолаушының багажы. Жолаушылардың өзі әуе кемесінің бортына жеткізеді. Тіркелмеген багаж жолаушының жауапкершілігімен тасымалданады, тіркеу кезінде міндеттiрде салмағы тартылуға жатады және багажды ақысыз тасымалдау нормасына кіреді;
- 13) билет - (жолаушы билеті және багаж түбіртегі ) – жолаушының әуе тасымалдау шарттарымен келісімшарт жасалғанын куәландыратын агенттің немесе әуе компаниясының беретін тасымалдау құжаты;
- 14) ашық мерзімді билет – жөнелту орны, жеткізу орны, әуе компаниясы, қызмет көрсету санаты жүрсетілген, алайда әуе кемесінің ұшу уақыты, рейсі мен күні белгіленбеген билет;
- 15) брондау (тапсырыс беру) – бірегей әріптік және сандық кодқа ие жолаушы, багаж немесе жүк туралы ұшуға қатысты және басқа мәліметті қамтитын Әуе компаниясының брондау жүйесінде электронды жазбамен расталатын багаж бен жүктерді тасымалдауға арналған жүктің көлемі үшін, сонымен қатар жолаушыларды тасымалдауға арналған орындарды әуе кемесінде алдын ала бөлу. Тапсырысқа екі түрлі мәртебе: «Сатылмаған» және «Сатылған» берілуі мүмкін;
- 16) соманы қайтару – жолаушыға (жөнелтушіге) немесе оны ұсынушы тұлғаға тасымалдау немесе бұрын төленбеген, алайда төленген қызмет көрсету құнының барлығын немесе жартысын төлеу;
- 17) әуе тасымалы - әуе кемелерімен жолаушыларды, багажды, үлгер мен пошталық жөнелтулерді тасымалдау бойынша жеке және заңды тұлғалардың қызметі;
- 18) халықаралық әуе тасымалы – орындау барысында жөнелту және жеткізу тармақтары , тасымалдау немесе шамадан тыс жүк арту кезінде үзілістің болуы немесе жоқтығына қарамастан, төменде көрсетілген аймақтарда орналасқан әуе тасымалы:
  - екі немесе одан көп мемлекеттердің аумағы;
  - бір мемлекеттің аумағы , егер басқа мемлекеттің аумағында тоқтау қарастырылған болса;
- 19) ұшақ – күш қондырғысымен қозғалысқа енгізілетін ауадан ауыр әуе кемесі. Оның көтергіш күші ұшу барысында негізінен аталған ұшу жағдайларында қозғалыссыз қалатын жоғарғы бөліктерде аэродинамикалық реакциялардың есебінен түзіледі;
- 20) әуе желісі – тұрақты әуе тасымалдары жүзеге асырылатын орындарды анықтайтын белгіленген желі;
- 21) Варшава конвенциясы – Варшава қаласында 1929 жылдың 12 қазанында қол қойылған халықаралық әуе тасымалдарына қатысты кейбір ережелерді үйлестіруге арналған конвенция;
- 22) жүк – пошта, бортта дайындап алынған ішіп -жемнен басқа, әуе кемесінің бортында тасымалданатын кез келген мүлік;
- 23) жылдам бұзылғыш жүк – сақтау мен тасымалдау барысында ерекше шарттарды талап ететін өсімдік және жануарлардан дайындалған өнімдер, оларды өңдеу өнімдері, тірі өсімдіктер, балық дайындайтын материал;
- 24) транзитті жүк – жүкқұжатқа сәйкес, аралық орынға жеткізілген дәл сол рейспен ары қарай тасымалданатын жүк;
- 25) трансферлі жүк – жүкқұжатқа сәйкес, трансфер әуежайына (орнына) бір рейспен жеткізілетін, оданәрі қарай дәл сол немесе басқа әуе компаниясының басқа рейсімен жеткізілетін жүк;
- 26) құнды жүк – нақты құны Варшава конвенциясының 22 бабымен белгіленген жүк;

- 27) жүк жөнелтпе құжаты (Air Waybill) - әуе тасымалы келісімшартын жасасуды, оның шарттарын және ауа желілері бойынша жүкті тасымалдауға қабылдауды куәландыратын ауа тасымалдау құжаты;
- 28) тексермелеу – тексеру жүргізу үшін құқығы бар тұлғалардың жүргізетін бақылау тексеруі;
- 29) ақылы багаж төлемі – ақысыз алып өтетін белгіленген нормадан жоғары багажды немесе міндетті өпенуге жататын тасымалдау заттарын тасымалдау үшін төлемді куәландыратын, сонымен қатар багаждың мәлімденген құны үшін алымдарды төлеуді куәландыратын құжат;
- 30) тасымалдау бағыты – белгілі бір реттілік бойынша билет жүкті (жасымалдау барысында жүк құжатта) көрсетілген жөнелту, трансфер және жеткізу әуежайлары (орындары);
- 31) жөнелтуші – жүкті жөнелтуші заңды немесе жеке тұлға;
- 32) жолаушы - әуе тасымалы келісімшартына өйкес немесе басқа заңды н егіздемелермен әуе кемесінде тасымалданатын және экипаждың құрамына кірмейтін жеке тұлға;
- 33) жолаушы купоны (Passenger coupon) – жолаушының әуе тасымалы келісімшартын жасасуды және оның багажын куәландыратын электронды -сандық жазба немесе қағаз бетінде (КАБ) ұсынылған билеттің бөлігі;
- 34) ұшу купоны (Flight coupon) – көрсетілген орындардың арасында жолаушының ұшуына құқық беретін билеттің бөлігі;
- 35) багажға, жүкке зақым келтіру – багажды, жүкті немесе багаждың, жүктің бөлігін тасымалдау барысында жарамсыз ұйге келті ру, соның нәтижесінде олар толығымен немесе жартылай өзінің алғашқы тағайындалымы бойынша (толығымен немесе жартылай өзінің құнын жойды) қолданылуы мүмкін емес;
- 36) алушы – жүк құжатта жүкті алушы ретінде көрсетілген заңды немесе жеке тұлға;
- 37) рейс – бағыттың бастапқы орнынан соңғы орнына дейін бір бағыт бойынша орындалатын (кесте бойынша немесе кестеден тыс) әуе кемесінің ұшуы;
- 38) тұрақты рейс – бекітілген кестеге сәйкес орындалатын рейс;
- 39) алым – әуе компаниясының алатын және енгізген және жолаушыны, багажды, жүкті және пошталық жөнелтімдерді тасымалдау құнына қамтылған әуежайлық, жанармай алымы мен басқа да алымдар;
- 40) тариф – белгілі бір бағыт бойынша жөнелту орнынан бастап жеткізу орнына дейін бір жолаушыны тасымалдау үшін немесе багаждың немесе жүктің салмақ немесе к өлем бірлігін тасымалдау үшін әуе компаниясының төлететін төлемі;
- 41) белгілі бір қызмет көрсету санатының тарифі – қандай да бір шектеулерсіз бір жылдың ішінде әрекет ететін тиісті қызмет көрсету санатының тарифі (жарамдылық мерзімі тасымалдау маусымымен анықталатын маусымдық тарифтерді есепке алмағанда);
- 42) трансфер – бір рейспен қайта отыру әуежайына дейін әуе тасымалы келісімшартына сәйкес орындалатын тасымал, ары қарай тасымалдау сол немесе әуе компаниясының басқа рейсімен жүзеге асырылады;
- 43) электронды билет – кәдімгі қағаз баспабетінің орнына ұсынылатын электронды әуе билетінің үлгісі;
- 44) төлем құжаты – заңнамаға сәйкес рәсімделген және тапсырыстың төлемін куәландыратын қаржылық құжат (кассалық чек, төлем туралы түбіртек немесе банктен көшірме). Төлем құжаты қолма-қол ақша қаражатымен әуе тасымалы келісімшартын беру үшін Әуе тасымалдау келісімшартын жасасуды куәландыратын тиісті құжат болып есептеледі;
- 45) әдеттегі тариф – 1 (бір) жыл жарамдылық мерзіміне ие және ешқандай шектеулерсіз, бірінші, іскерлік немесе үнемді/ туристік қызмет көрсету санаты үшін белгіленген ең жоғарғы (толық тариф);
- 46) арнайы тариф – сату мерзімдері, қайта ұшу орнындағы ең аз тоқтауды талап ету, брондау/төлеу шарттары, жолаушының санаттары сияқты кейбір арнайы шектейтін шарттарды қарастыратын, қалыпты тарифтерден ерекше тарифтердің түрлері.

## 1.2. Заңнамамен өзара қарым-қатынас

- 1.2.1. Жолаушыларды, багажды ~~әнж~~ жүкті әуемен тасымалдау келісімшартынан келіп туындайтын тараптардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі төмендегілермен реттеледі:
  - халықаралық әуе тасымалдарына қатысты конвенциялармен, сонымен қатар қолданыстағы халықаралық келісімшарттар мен Қазақстан Республикасының келісімдерінің ережелерімен;
  - Қазақстан Республикасының нормативті құқықтық актілерімен;
  - аталған ережелермен.
- 1.2.2. Жолаушыларды, багаждарды ~~жне~~ жүктерді халықаралық және ішкі тасымалдау – тасымалдау шаралары оның аумағында, аумағынан немесе аумағы арқылы жүзеге асырылатын елдің тиісті міндетті қаулыларының, өкілетті органдарының ережелері мен ұйғарымдарына бағынады.
- 1.2.3. Егер осы ережелерде немесе тасымалдау құжатында көрсетілген қандай да бір ережелер тиісті елдің заңнамасына қайшы келетін болса және аталған ережелер әуемен тасымалдау келісімшартының тараптарының келісімдері арқылы өзгертілуі мүмкін болмаса, онда мұндай ережелер өз күшінде қалады және көрсетілген заңнамаға қайшы келетін шегінде ғана тасымалдау келісімшартының бөлігі болып есептеледі. Сонымен бірге, осы ережелердің қандай да бір ережесінің жарамсыздығы осы ережелердің басқа ережелерінің әрекетін жоймайды.
- 1.2.4. Халықаралық әуе тасымалдарында Тасымалдаушының жауапкершілігі, келесі аталатын құжаттардың анықтамасы бойынша мұндай болып есептелмейтін тасымалдауларды есепке алмағанда, халықаралық әуе тасымалдарына қатысты конвенциялармен, ХААҰ құжаттарымен реттеледі.

### **1.3. Ережелерді өзгерту**

- 1.3.1. Аталған ережелер, сонымен қатар оларды арықарай дамыту үшін шығарылған, әуе тасымалын реттейтін ~~бас~~ ережелер, нұсқаулықтар, нұсқаулар мен құжаттар, егер ешқандай осындай өзгеріс тасымалдау басталғаннан кейін қолданылмайтын болса, жолаушыларды, жүк жө нелтушілерді, жүк алушыларды алдын -ала хабарландырмастан, Тасымалдаушымен өзгертілген болуы мүмкін. Сонымен бірге осы ережелердің өзгерістері ресми бекіту мезетінен ~~баста~~ күшіне енеді. Осы ережелерге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, халықаралық келісімшарттардың, әуе қатынастары туралы келісімдердің талаптарына байланысты өзгерістер енгізілуі мүмкін.
- 1.3.2. Тасымалдаушының өкілдері, сонымен қатар оның атынан қызмет көрсететін және жолаушыларды, багажды ~~жне~~ жүктерді әуемен тасымалдау қызметін жүзеге асыратын агенттер Тасымалдаушының бекіткен әуе тасымалдау ережелерінің тармақтарын өзгертуге немесе жоюға құқығы жоқ.

## **2 Тарау. Әуемен тасымалдау келісімшарты.**

1. Жолаушының Әуемен тасымалдау келісімшарты бойынша Тасымалдаушы Жолаушыны оған рейсті орындаушы әуе кемесінен орын ұсына отырып, жету әуежайына Жолаушыны жеткізуге міндеттенеді, ал Багажды Әуемен тасымалдау жағдайында, аталған багажды да жеткізу әуежайына жеткізуге және Жолаушыға немесе Багажды алу үшін өкілеттік берілген тұлғаға беруге міндеттенеді.
2. Әуемен тасымалдау келісімшарты Билетпен (электронды билетпен немесе КАБ-та рәсімделген билетпен), сонымен қатар Әуемен тасымалдау келісімшартын жасасу дерегін дұрыс бекітуге мүмкіндік беретін басқа құжаттар мен мәліметтермен куәландырылады. Егер Билетте ~~өрс~~етілген мәлімет Тасымалдаушының автоматтандырылған брондау жүйесіне қамтылған мәліметтерге қайшы келген жағдайда, осындай брондау жүйесі артықшылыққа ие.
3. Әуемен тасымалдау төлемін куәландыратын құжат ретінде Әуемен тасымалдау үшін жасалған төлем туралы куәландыратын Төлем құжаты болып табылады.

4. Жолаушы белгіленген тариф бойынша тасымалы үшін төлем жасауға, Тасымалдаушының бекіткен Багажды ақысыз алып өту нормасынан жоғары Багажды тапсыру кезінде, осы Багажды алып өткені үшін төлем жасауға міндетті.
5. Әуемен тасымалдау келісімшарты жариялылық келісімшарт болып есептеледі, оны жасасу тәсілі бойынша бірігу келісімшартына жатады және Жолаушыдан Тасымалдаушының ұсынған шарттарымен Әуемен тасымалдау келісімшартына толық әрі сөзсіз бірігуді талап етеді.
6. Әуемен тасымалдау келісімшарты Әуемен тасымалдау үшін тиісті әрі уақтылы төлем жасаған мезеттен бастап жасалған болып есептеледі.
7. Тасымалдаушы Жолаушы электронды пошта, факсимильді байланыс арқылы Бағытты/электронды билеттің түбіртегін ұсынуға немесе бағыттың қағаз бетіндегі нұсқасын – түбіртекті Тасымалдаушының немесе агенттің мекемесінде қолына беруге міндеттенеді. Қатаң есептілікке ие баспабетке рәсімделген Қағаз Билет Жолаушының қолына беріледі.
8. Жолаушы Тасымалдаушының қатаң көрсеткен тәсілдер імен Тапсырысты әсімдеу мезетінде әрекет ететін Тасымалдаушының тарифтерін қолдану шарттарында қарастырылған мерзімдердің ішінде тасымалдау құнын төлеуге міндетті.
9. Әуемен тасымалдау келісімшарты, егер Жолаушының тарапынан міндеттемелер тиісті түрде орындалған жағдайда, бағыт бойынша Жолаушыны және/немесе Багажды әуемен тасымалдау бойынша міндеттемелерді Тасымалдаушы орындаған мезеттен бастап әрекет етеді.
10. Әуемен тасымалдау келісімшарты жасалғанға дейін Жолаушы, Тарифтерді қолдану ережелерін қоса алғанда, Тасымалдаушының осы және басқа қолданыстағы ережелерімен танысуға және өз келісімін білдіруге міндетті. Егер Жолаушы жүрсетілген ережелермен келіспеген жағдайда, Әуемен тасымалдау келісімшарты жасалмаған болып есептеледі. Жолаушыға сонымен қатар Ұшуға дейінгі және ұшудан кейінгі тексерулерден өту ережелерімен танысу ұсынылады.
11. Тапсырысты рәсімдеген және Тасымалдаушының рейсімен тасымалдау төлемін жүзеге асырған Жолаушы Ережелерде мазмұндалған шарттармен жалпыға ортақ Әуемен тасымалдау келісімшартына біріктірілген болып есептеледі.
12. Жолаушының Әуе тасымалы жөніндегі Тасымалдаушының міндеттемелері Жолаушының тиісті әрі уақтылы Әуемен тасымалдау төлемін жүргізгеннен кейін барып туындайды.
13. Егер Жолаушы Тасымалдаушының тиісті ережелерінде қарастырылмаған тәсілмен немесе Тасымалдаушының өкілеттік бермеген ұйымы арқылы Тапсырысқа төлем жүргізген жағдайда, Әуемен тасымалдау келісімшарты жасалмаған ретінде есептеледі.
14. Егер Жолаушы өлемді кейіннен жасаған жағдайда немесе төлем мерзімдерін басқаша бұзған жағдайда, егер Тасымалдаушы басқаша жағдайды растамаған жағдайда, Әуемен тасымалдау келісімшарты жасалмаған ретінде есептеледі.
15. Әуемен тасымалдау бойынша келісімшарт бойынша төлем жасау үшінші тұлғамен (төлеушімен) жүргізілуі мүмкін, сонымен бірге үшінші тұлғаның Жолаушымен әрекет ететін келісімшарттың қатынастарының аясында осындай төлемді жүзеге асыратынын білдіреді.

### **3 Тарау. Әуе билеттерін брондау ережелері**

#### **3.1. Брондау**

Орындарды брондау жолаушыларды тасымалдау шарты болып есептеледі және компаниясының автоматтандырылған брондау жүйесіне енгізу кезінде жарамды болып табылады.

Жолаушы келесі мәліметтерді ұсынады да, брондау үшін және арнайы қызметтерді ұсыну және ұшулардың қауіпсіздік талаптарын орындау үшін қажетті құжаттарды ұсынады:

- 1) тегі, аты, әкесінің аты;
- 2) жолаушының құжаттары туралы мәліметтер (төлқұжат немесе оны ауыстыратын құжат);
- 3) екінші дәрежелі құжаттар туралы мәліметтер (виза, медициналық анықтама, балаларды тасымалдауға қажетті құжаттар);



- электронды ұшу купондары;
- бағыт түбіртегі.

- 3.3.3. Жолаушы рәсімделген Билетті немесе электронды Билеттің бағытын/түбіртегін Тасымалдаушыны және оның Агентін тасымалдауды сату орнында тікелей ала алады.
- 3.3.4. Жолаушы Билетті міндетті түрде жолаушының тегі мен аты (толығымен), жол аушының жеке тұлғасын куәландыратын құжатының нөмірі көрсетілген болуы тиіс.
- 3.3.5. Билет онда өрсетілген бағыт пен қызмет көрсету санаты бойынша жөнелту орнынан жеткізу орнына дейін жолаушы мен оның багажын тасымалдау үшін жарамды. Әрбір ұшу купоны орын брондалып қойған рейс пен күні, қызмет көрсету санаты, онда көрсетілген бағыт алаңы бойынша ғана жолаушы мен оның багажын тасымалдау үшін жарамды болып есептеледі.
- 3.3.6. Жолаушы Билетінің купондарына белгілі бір тасымалдау бағыты бойынша онда көрсетілген орындардың арасына жолаушы мен оның багажын тасымалдау шарттарын бейнелейтін мәлімет қамтылған.
- 3.3.7. Жолаушыға Билет Тасымалдаушының белгіленген тарифі бойынша тасымалдау құнын төлегеннен кейін ғана беріледі.
- 3.3.8. Жолаушы тиісті ұшу купонын, басқа пайдаланылмаған купондар мен жолаушы купонын (қағаз билеті үшін ғана) қамтитын және тиісті түрде рәсімделген жарамды Билетті ұсынған жағдайда ғана тасымалдауға жіберіледі. Жолаушы Билетті және барлық пайдаланылмаған ұшу купондарын бүкіл саяхат барысында сақтауға және оларды Тасымалдаушыға немесе қызмет көрсетуші ұйымға кез келген уақытта оның талабы бойынша ұсынуға міндетті.
- 3.3.9. Әуе компаниясы, егер жолаушының ұсынған құжаттары әуе компаниясының белгілеген талаптарына үлгісі мен мазмұны бойынша сәйкес келмеген жағдайда, жолаушыны әуе компаниясының ережелеріне сәйкес тасымалдауға жібермейді.
- 3.3.10. Егер жолаушы төменде көрсетілген жағдайларда билеттің жарамдылық мерзімінің ішінде ұшақпен ұша алмаған жағдайда, билеттің жарамдылық мерзімі алғашқы төленген тарифке сәйкес келетін қызмет көрсету санатында бос орын болған болса, әуе компаниясының ең жақын рейсіне дейін ұзартылады:
  - 1) билетте көрсетілген рейс болмаған немесе кешіктірілген болса;
  - 2) билетте көрсетілген әуежайға әуе кемесі қонбаған жағдайда;
  - 3) билетте көрсетілген рейс пен күні жолаушыға орын ұсыну мүмкіндігі болмауының себебінен жолаушыны жіберу мүмкін болмаған жағдайда;
  - 4) рейсті орындамаған әуе кемесінің жөнелту әуежайына қайта оралуы кезінде;
  - 5) әуе кемесінің кестеде көрсетілген түрі ауыстырылған жағдайда;
  - 6) билетте көрсетілген санат бойынша қызмет көрсетілмеген жағдайда;
  - 7) әуе кемесінің мәжбүрлі қону себебі бойынша рейстің алынуы;
  - 8) әуе кемесінде онымен бірге отырған жолаушының сырқаты;
  - 9) тексерумен байланысты өтелуді кешіктіруге байланысты жолаушының ұшудан немесе ұшуды жалғастырудан бас тартуы;
  - 10) әуе компаниясының билетін дұрыс рәсімдемеген жағдайда.
- 3.3.11. Егер тасымалдауға билеті бар жолаушы орынды брондау туралы өтінішпен хабарласқан болса, ал әуе компаниясы билеттің жарамдылық мерзімінің ішінде орынды ұсыну мүмкіндігіне ие болмаған жағдайда, онда мұндай билеттің жарамдылық мерзімі алғашқы рет өленген тарифке сәйкес келетін сол қызмет көрсету санатта бос орны бар әуе компаниясының ең жақын рейсіне дейін ұзартылады.
- 3.3.12. Жолаушы әуе компаниясына ұшу купоны бар билетті ұсынады. Билет жолаушыны тасымалдау үшін және пайдаланылған ұшу купоны бар ақшаны қайтару үшін жарамды болып есептеледі.
- 3.3.13. Әуе компаниясы жолаушы купонында өрсетілген жөнелту орнынан бастап қатаң реттілікпен ғана жолаушы мен оның багажын тасымалдау үшін ұшу купондарын қабылдайды.
- 3.3.14. Жолаушының өтініші бойынша жолаушы Билетіне өзгерістер енгізу Тасымалдаушының келісімі бойынша жол беріледі және Тасымалдаушының тарифтерін қолдану ережелеріне сәйкес Тасымалдаушымен немесе оның Агентімен жүзеге асырылады.

- 3.3.15. Билеттің ұшу купонындағы күнді, рейстің нөмірін және ұшу уақытын тиісті ұшу купонына (қағаз билетке арналған) «стикермен» жапсыру арқылы немесе Тасымалдаушының тарифтерін қолдану ережелеріне сәйкес алымдарды төлей отырып Билетті қайта рәсімдеу арқылы өзгертуге болады. Билеттің жарамдылық мерзімі өзгертілген жағдайда, «стикер» жапсырылмайды, Билет қайта рәсімделеді.
- 3.3.16. Тасымалдаушы немесқызмет көрсетуші ұйым багажды тасымалдауға қабылдауды, багаждың орнының саны мен/немесе жалпы салмағын куәландыратын Билеттің бөлігі болып есептелетін багажтүбіртегін көрсетуге міндетті . Егер жолаушының электронды түрдегі билеті болса, багаждың орнының саны мен/немесе салмағы туралы мәліметтер электронды түрде енгізіледі.

#### **3.4. Жолаушы Билетін беру**

- 3.4.1. Билет басқа тұлғаға берілуге және оның тарапынан пайдалануға жатпайды. Билетте көрсетілмеген тұлға Билетті ұсынған жағдайда, Билетті Тасымалдаушы алып қояды да, оның құны ұсынушыға қайтарылмайды. Бұл жағдайда тасымалдаушы заңнамада көрсетілген тәртіппен Билетті алу себебін көрсете отырып акт жасайды.
- 3.4.2. Жолаушы Билетін пайдалану немесе тасымалдауқұжатында көрсетілмеген басқа тұлғаның тасымалдау құнын қайтарып алған жағдайда, Тасымалдаушы осы тасымалдау құжаты бойынша осы тасымалдауға құқығы бар жолаушының алдында жаупкершілікті мойнына алмайды.

#### **3.5. Электронды билет**

SCAT әуе компаниясы жолаушыларға әуе билеттерін сатып алудың жаңа технологиялық мүмкіндіктері – электронды билетті (e-ticket) ұсынады.

Электронды билет (e-ticket немесе ET) қағаз купондары E-ticket серверінде (ETS) немесе әуе компаниясының серверінде сақталатын электронды билет жазбасымен ауыстырылады. Тек ұшу купондары ғана электронды нұсқада сақталады.

Электронды билетті сатып алу дерегін растау ретінде бағыт түбіртегі беріледі.

Электронды билеттің бағытын қағаз бетіне басып шығарудың (ITR) бірнеше нұсқалары бар:

- принтермен басып шығару;
- электронды мекен-жайға жіберу.

Электронды билетті сатып алу дерегін растау ретінде бағыт түбіртегі беріледі.

Бағыт түбіртегі қағаз билетке ұқсас тасымалдау төлемінің түрі мен мәліметтері, бағыты туралы толық мәліметті қамтиды . Бүкіл саяхат барысында оны өзімен бірге алып жүру ұсынылады.

**Бағыт түбіртегі (Itinerary Receipt)** – екі тілде рәсімделеді (брондау жүзеге асырылатын ағылшын тілінде, сонымен қатар орыс тілінде). Бұл жағдай Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде әуежай рәсімдерін өтуді жеңілдетеді.

Шетелге ұшу кезінде, бағыт түбіртегі қайтарымды билеттің дәлелі ретінде төлқұжат бақылауынан өту кезінде қажет.

Кәдімгі әуе билетімен қатар, электронды билет жолаушы мен әуе компаниясының арасында жасалған әуемен тасымалдау келісімшартын куәландыратын құжат болып есептеледі.

Бағыт түбіртегі ұшу үшін міндетті құжат болып есептелмейді. Оның жоғалып қалуына қарамастан, жолаушы өзінің төлқұжатын ұстап, тіркеуге келуі мүмкін. Тіркеу тіреуіндегі қызметкерлер жолаушыны оның тегі мен рейс нөмірі арқылы таба алады.

#### **Назар аударыңыз! Отырғызу талондарының көшірмелері берілмейді**

Қазақстан Республикасының салық кодексінің талаптарын есепке ала отырып, сонымен қатар, егер жұмысшы қызметтік іссапарға немесе қызметтік жолсапарға Қазақстан Республикасының

аумағы бойынша немесе шетелдерге электронды билетті сатып алатын болса, жүргізілетін шығындарды растайтын құжаттар ретінде келесі құжаттар ұсыныла алады:

- жолаушы билетінде қатаң есептілікке ие баспабет ретінде бекітілгендей рәсімделген бағыт түбіртегі;
- бекітілген қатаң есептілікке ие баспабетте рәсімделген тасымалдау төлемінің жүзеге асырылғандығын растайтын чек немесе басқа құжат.

Егер бағыт түбіртегі қатаң есептілікке ие баспабетте емес, тек басып шығару түрінде ғана рәсімделсе, тасымалдау дерегін растайтын отырғызу талоны талап етіледі. Отырғызу талонында жолаушы мен жолсапарды жеткізу орнын (жолаушының тегі, бағыты, жолсапар күні) сәйкестендіруге мүмкіндік беретін деректемелер қамтылуы тиіс.

## **4 Тарау. Жолаушылардың кейбір санаттарын әуемен тасымалдау ережелері**

### **4.1. Топтық тасымалдауды рәсімдеу ережелері**

Топтық тасымалдау тек өтінім бойынша ғана және SCAT әуе компаниясымен келісе отырып қана рәсімделеді.

SCAT әуе компаниясының жекеменшік сату орындарында немесе өкілдіктері арқылы.

Қолма-қол ақшасыз есептесу кезінде, әуе билеттерін брондау мен көшірмесін шығару әуе кемесі ұшқанға дейін кемінде 5 күн бұрын жүзеге асырылады.

SCAT әуе компаниясы келісілмеген топтық брондауды жою құқығын өзіне қалдырады.

### **4.2. Мүгедектер мен науқас жолаушыларды тасымалдау ережелері**

- 4.2.1. Жолаушы өзінің денсаулық жағдайын а байланысты, әуе көлігін пайдалану мүмкіндігін анықтауға міндетті.
- 4.2.2. Тасымалдаушы жолаушының жасына, психикалық немесе физикалық жағдайына байланысты жолаушының денсаулығының нашарлауы немесе тасымалдау барысында немесе одан кейін туындаған басқа салдарлар үшін жауапкершілікті мойнына алмайды.
- 4.2.3. Мүгедекті немесе науқасты тасымалдау, егер тасымалдаушы оның салдары үшін ешқандай жауапкершілікті мойнына алмайса, үшін жолаушының кепілдік міндеттемесімен куәландырылады (кепілдік міндеттемесінің үлгісі қосымша ретінде тіркеледі). Егер тасымалдау бірнеше тасымалдаушыларды рейс терінде тасымалдауды қамтитын болса, онда ~~нақс~~ жолаушыларды тасымалдауға келісімі тасымалдаудың барлық қатысушыларынан болуы тиіс.
- 4.2.4. Насқас, шектеулі физикалық мүмкіндіктерге ие жолаушылар мен мүгедектер ретінде әдетте басқа жолаушыларға таратылмайтын жеке назарға алынуды (ұшаққа отырғызу немесе ұшақтан түсіру кезінде, ұшу кезінде, төтенше жағдай кезінде, жер үстінде қызмет көрсету кезінде) қажет ететін жолаушылар, олардың физикалық немесе психологиялық жағдайы есептеледі.  
Рейстегі мұндай жолаушылардың саны апаттық жағдай кезінде оларға көмек көрсетуге қабілетті жолаушылардың санынан көбірек болмауы тиіс.
- 4.2.5. Әуе компаниясы бекітілген медициналық немесе басқа куәландыру деректерінің негізінде физикалық жағдайы немесе денсаулық жағдайы басқа жолаушылар, олардың мүлкі, ұшақ немесе экипаж үшін қауіп төндіруі мүмкін тұлғалардан бас тартуы мүмкін.
- 4.2.6. Әуе компаниясы осындай жолаушыларды тасымалдау үшін қажетті шарттарда жекелеген әуе кемелерінде болмау жағдайда, арба креслодағы жолаушыларды, зембілдегі науқастарды тасымалдаудан бас тартады.
- 4.2.7. Ұшаққа отырғызу және мінгізу кезінде, әуе кемесінің салонында, жер үстінде қызмет көрсету кезінде ерекше көмек талап етілетін мүгедектер мен науқас жолаушылар сүйемелдеу арқылы ғана (жасы 16 жастан кем емес тұлғамен (тұлғалармен) тасымалданады. Мұндай жолаушыларға төмендегілер жатады:
  - зембілдердегі жолаушылар
  - арбадағы (жиналмалы арбадағы) мүгедектер
  - қолдары немесе аяқтары гипстегі, қалақтағы жолаушылар

- медициналық назар аударуды қажет ететін жолаушылар (қосымша оттегі жастықшасы немесе борттағы медициналық жабдық)
  - мінез-құлқы, психикалық немесе физикалық жағдайы арнайы көмек көрсетуді талап ететін немесеөзі үшін немесе басқа жолаушылар, олардың мүлкі үшін, әуе кемесі үшін қауіп төндіруі мүмкін жолаушылар
  - қандай да бір жұқпалы аурудан зардап шегетін жолаушылар
- 4.2.8. Әуе кемесінің салонында көмек көрсетуді талап ететін мүгедектер мен науқас жолаушылар осындай жолаушыны тасымалдау шарттарына қайылатын арнайы талаптарды көрсете отырып, әуе кемесінде тасымалдауға берілетін рұқсатты қамтитын медициналық қорытындыға ие болуы тиіс. Медициналық куәлік тек онда көрсетілген рейстің күні мен нөмірі үшін ғана жарамды болып есептеледі.
- 4.2.9. Жолаушы немесе жолаушының атынан брондау шараларын жүзеге асыратын тұлға Әуе компаниясын келесі жағдайларда кемінде 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде хабарландырады:
- жолаушылардың шектеулі қозғалысы
  - көзінің нашар көруі (көрмеуі), құлағының естімеуі, бұл жағдайда жөнелтушіні итпен сүйемелдеу қажеттілігі
  - жұқпалы ауруға шалдыққан жағдайда

Әуе компаниясы осы мәліметті алғаннан кейін, егер әуе кемесінің техникалық мүмкіндіктерді негізге ала отырып өрсетілген жағдайда тасымалдау орындалмаған жағдайда, брондаудан бас тарту туралы 1 күнтізбелік күннің ішінде жолаушыға хабарлама беріледі.

4.2.10. **Зембілдерде науқастарды тасымалдау** ұшу барысында осы жолаушыға күтім жасауды қамтамасыз ететін тұлғаны сүйемелдеуді жүзеге асырады (сүйемелдеуші тұлғаға көмек көрсету үшін жеткілікті физикалық күш пен дайындыққа ие 16 жастан кем емес). Науқасты тасымалдау зембілдерді орнату үшін алты бос орындар ~~қол~~ жағдайда жүзеге асырылады. Төлем әуе билетін рәсімдеу күні брондау санаты болған жағдайда науқас пен сүйемелдеушіге арналған толық тариф бойынша жүзеге асырылады, қосымша 5 орынды есепке алғанда, әрбір орын үшін қолдағы бар тарифтен 50 (елу) пайыз ~~өлше~~рінде төленеді. Осындай жолаушыны тасымалдау мүмкіндігі әуе компаниясы мен науқасты сүйемелдейтін тұлғаның арасындағы алдын-ала келісіммен ~~ан~~ғалады. **Зембілдерде науқастарды тасымалдау, егер тасымалдаушы жолаушының алдында ол үшін оның салдары үшін ешқандай жауапкершілікті мойнына алмайды, ол жолаушының кепілдік міндеттемесімен қуәландырылады (кепілдік міндеттемесінің үлгісі қосымша ретінде ұсынылады).** Науқас жолаушыларға қызмет көрсету кезінде, тіркеу жөніндегі агент әуе билеті мен медициналық қорытындыны тексереді, содан кейін жалпы ережелерге сәйкес тасымалдау құжаттарын рәсімдейді. Тіркеу желісі бойынша тиіс ~~үр~~ділерді жүргізгеннен кейін, әуе компаниясының/әуежайдың өкілі оларды әуе кемесіне сүйемелдейді және құжаттармен бірге оны/оларды тікелей экипажға тапсырады. Әуе кемесіне отырғызу жолаушылардың негізгі бөлігін отырғызу мәлімденгенге дейін бірінші кезекте және әуе кемесінен түсу кезінде соңғы кезекте әуе компаниясының / әуежайдың өкілінің тарапынан жүзеге асырылады.

4.2.11. Өз бетінше қозғалу мүмкіндігіне ие емес **мүгедектерді арбада тасымалдау** (электр арбасында, жиналмалы креслода) ұшу барысында мүгедектер үшін күтімді қамтамасыз ететін ~~ж~~не медициналық қорытынды ұсынылған кезде күтімді қамтамасыз ететін тұлғамен (тұлғалармен) жүзеге асырылады. Тасымалдау әуе компаниясымен алдын -ала келісім бойынша ~~үз~~еге асырылады. Әуе компаниясы мүгедекті арбада (жиналмалы креслода) тасымалдау кезінде әуе кемесінің бортына жеткізу үшін осындай жолаушыны тасымалдау туралы әуежайға алдын -ала хабарлама береді. Жиналмалы кресло (арба) ақысыз түрде тасымалданады және ақысыз жүкті әкету нормасына қамтылмайды. Мүгедекті электр арбасында тасымалдау кезінде, электр арбасы тіркелген багаж ретінде (ақысыз багажды әкету нормасынан жоғары) әуе кемесімен тасымалданады. Науқас жолаушыларға қызмет көрсету кезінде тіркеу жөніндегі агент әуе билеті мен медициналық қорытындыны тексереді, содан кейін жалпы ережелерге ~~әй~~кес тасымалдау құжаттарын рәсімдейді. **Арбада мүгедекті тасымалдау, егер тасымалдаушы жолаушының алдында оның салдарлары үшін ешқандай жауапкершілікті мойнына алмаса, о үшін**

**жолаушының кепілдік міндеттемесімен куәландырылады (кепілдік міндеттемесінің үлгісі қосымша ретінде ұсынылады).**

Тіркеу жөніндегі агент өкілмен келісе отырып, жолаушылардың қажеттіліктерін есепке ала отырып ең жоғарғы деңгейде әуе кемесінің салонында арнайы тағайындалған орындарды үлестіреді. Кресло арбаны пайдаланатын адамдарды тасымалдау кезінде, әуе компаниясының / әуежайдың өкілі әуе кемесінің салонына оларды тасымалдау үшін арнайы креслоны ұсынуы тиіс. Тіркеу желісі бойынша тиісті үрділерді жүргізгеннен кейін, әуе компаниясының / әуежайдың өкілі оларды әуе кемесіне сүйемелдейді және құжаттармен бірге оны/оларды тікелей экипажға тапсырады. Әуе кемесіне отырғызу жолаушылардың негізгі бөлігін отырғызу мәлімденгенге дейін бірінші кезекте және әуе кемесінен түсу кезінде соңғы кезекте әуе компаниясының / әуежайдың өкілінің тарапынан жүзеге асырылады.

4.2.12. **Көзі көрмейтін (құлағы естімейтін) жолаушы** оны сүйемелдеуші тұлғамен немесе жөнелтуші иттің сүйемелдеуімен тасымалданады. Көзі көрмейтін (құлағы естімейтін) жөнелтуші иттің сүйемелдеуіндегі жолаушыны тасымалдау жөнелтуші иттің арнайы оқудан өткізгендігін растайтын құжатты және осы жолаушының мүгедектігін бекіту күнін растайтын құжатты әуе компаниясына немесе оның өкілетті агентіне ұсыну кезінде жүзеге асырылуы мүмкін. Өкілетті агент жөнелтуші иттің сүйемелдеуіндегі көзі көрмейтін (құлағы естімейтін) жолаушы үшін әуе кемесінің бортынан орынды брондау кезінде жөнелту әуежайында тіркеу кезінде, оның әуе кемесіне жеткізу кезінде, әуе кемесіне отырғызу кезінде, одан түсіру және жеткізу әуежайына әуе кемесінен жеткізу кезінде осы жолаушыға көмек көрсету мақсатында осындай жолаушыны тасымалдау туралы әуе компаниясына хабарлама беруі тиіс. Иттің сүйемелдеуіндегі өзін көрмейтін (құлағы естімейтін) жолаушыны тасымалдау кезінде, жөнелтуші ит әуе кемесінде жолаушылар салонында ақысыз бағажды әкету нормасынан тыс тасымалданады. Жөнелтуші итке қарғы және тұмылдырық тағылуы тиіс және сүйемелдеп отырған жолаушының аяқ жағындағы креслоға тағылған болуы тиіс. Иттің сүйемелдеуіндегі көзі көрмейтін (құлағы естімейтін) жолаушыны тіркеу кезінде, креслолардың артқы қатарларында орын бөлініп беріледі. Әуе кемесіне отырғызу жолаушылардың негізгі бөлігін отырғызу мәлімденгенге дейін бірінші кезекте және әуе кемесінен түсу кезінде соңғы кезекте әуе компаниясының / әуежайдың өкілінің тарапынан жүзеге асырылады.

**КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕСІ  
THE GUARANTEE CERTIFICATE**

МЕН \_\_\_\_\_

ТӨЛҚҰЖАТ \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ БЕРГЕН МЕКЕМЕ \_\_\_\_\_  
PASSPORT \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ ISSUED \_\_\_\_\_

ҰШУ КҮНІ \_\_\_\_\_ ӘУЕ БИЛЕТІ \_\_\_\_\_  
DATE OF DEPARTURE \_\_\_\_\_ TICKET \_\_\_\_\_

**ҚАБЫЛДАУЫҢЫЗДЫ СҰРАЙМЫН**

**ASK TO CARRY**

<input type="checkbox"/> МЕНІ		<input type="checkbox"/> ME
<input type="checkbox"/> МЕНІҢ СҮЙЕМЕЛДЕУІМДЕГІ ЖОЛАУШЫНЫ		<input type="checkbox"/> THE PASSENGER ACCOMPANIED BY ME

\_\_\_\_\_ РЕЙСПЕН ТАСЫМАЛДАУ ҮШІН

## ON FLIGHT NUMBER

<p>Осы міндеттеме қары әуе тасымалының нәтижесінде туындауы мүмкін «SCAT» ӘК» АҚ-ын және оның агенттерін келесі көрсетілген мүмкін орын алатын нашарлау үшін жауапкершіліктен босатамын:</p> <p><input type="checkbox"/> менің денсаулығымның (өлімді қоса алғанда),</p> <p><input type="checkbox"/> менің сүйемелдеуімдегі жолаушының денсаулығын (өлімді қоса алғанда).</p>	<p>1. Hereby relieve JSC Aircompany SCAT and its agents of my liability for possible worsening:</p> <p><input type="checkbox"/> my health (including lethal outcome),</p> <p><input type="checkbox"/> the health the passenger, accompanied by me (including lethal outcome),</p> <p>which may arise out of air carriage.</p>
<p>2. Төмендегілерді өзгертуден туындаған кез келген зиян үшін барлық жауапкершілікті өз мойныма аламын:</p> <p><input type="checkbox"/> менің физикалық/психикалық жағдайым</p> <p><input type="checkbox"/> тасымалдау барысында менің сүйемелдеуімдегі жолаушының физикалық/психикалық жағдайын</p> <p>және/немесе осыған байланысты үшінші тұлғаларға келтірілген зиян үшін және «SCAT» ӘК» АҚ -на осыған байланысты туындаған шығындарды төлеуге міндеттенемін.</p>	<p>2. Assume liability for any damage arising out of changing:</p> <p><input type="checkbox"/> my physical/ mental condition</p> <p><input type="checkbox"/> physical/ mental condition of the passenger, accompanied by me during carriage</p> <p>and /or damage suffered by the third person and shall indemnify JSC Aircompany SCAT for expenses incurred.</p>

КҮНІ \_\_\_\_\_  
DATE

ҚОЛЫ \_\_\_\_\_  
SIGNATURE

### 4.3. Сүйемелдеусіз баланы тасымалдау ережелері

Әуе компаниясының ішкі рейстерінде 6 жастан 14 жасқа дейінгі аралықта тасымалдау барысында сүйемелдеусіз балалар тасымалдау үшін олардың ата-аналары, қорғаншылары немесе туысқандары Сүйемелдеусіз баланы тасымалдау туралы Арыз-міндеттемені толтырыпқол қойғаннан кейін ғана қабылданады;

Халықаралық тасымалдау кезінде 6 жастан 16 жас дейінгі сүйемелдеусіз баланы әуе компаниясының халықаралық рейсімен тасымалдау үшін ата-аналарынан (қамқоршысынан) нотариалды түрде куәландырылған келісімнің қосымша түрде болуы қажет (шығу мерзімі мен оның баратын елін (елдерін) көрсете отырып).

Арыз 3 көшірмемен рәсімделеді:

- тасымалдауды рәсімдеген агент үшін
- рейске тіркеу кезінде әуежайға ұсыну үшін
- жолаушы үшін

Сүйемелдеусіз балаларды тасымалдау үшін төлем тарифтерді қолдану ережелеріне өйкес алынады.

Сүйемелдеусіз балаларды тасымалдау расталған брондау (СК мәртебесімен) және тасымалдаушының алдын-ала келісімі болған жағдайда рұқсат етіледі.

Сүйемелдеусіз балалар әуе кемесі ұшып кеткен мезетке дейін әуежайда болуы тиіс ата-анасының немесе қорғаншысының сүйемелдеуімен әуежайға келуі тиіс. Ата-анасы мен қорғаншысы жеткізу әуежайында сүйемелдеусіз баланы күтіп алуы тиіс. Арыз беру баспабеттерін «SCAT» ӘК-ның ресми сату кеңселерінен немесе өкілдігінен алуға болады.

6 жас дейінгі жас аралығындағы балалар тек кәмелетке толған жолаушының сүйемелдеуімен ғана тасымалданады.

Балаларды топпен тасымалдау ~~төу~~ әуе компаниясымен келісім бойынша ғана жүзеге асырылады.

#### **4.4. Жүкті әйелдерді тасымалдау ережелері**

Жүкті әйелдерді тасымалдауға, егер олар емдеу мекемесінен әуе билетінде көрсетілген рейстің орындалу күні әуемен тасымалдауға қарсы көрсетілімдерінің жоқтығы туралы медициналық қорытындыны Тасымалдаушыға ұсынған жағдайда ғана қабылданады.

Жүкті әйелдер келесі құжаттарды ұсынуы тиіс:

- жолаушының тексеруден өткендігі және әуе көлігімен тасымалдауға рұқсат берілетіні туралы көрсетілген жолаушының емдеуші дәрігерінің мөрімен куәландырылған Қазақстан Республикасының медициналық мекемесінен жүктілік мерзімін міндетті түрде көрсете отырып, ағымдағы жүктілік пен денсаулық жағдайы туралы анықтаманы. Аталған анықтама халықаралық ұшу әуежайлары немесе ұшу әуежайларының медициналық бөлімшесінің тарапынан куәландырылған болуы тиіс.

- толтырылған кепілдік міндеттемесі (кепілдік міндеттемесінің үлгісі қосымша ретінде тіркеледі).

Әуе компаниясымен жүкті әйелді, жас босанған әйелді немесе жаңадан туылған баланы тасымалдау үшін келісім алдын-ала 5 күнтізбелік күннен кешіктірместен, орынды брондау және билетті сатып алу кезінде жүзеге асырылуы тиіс.

Жүкті әйелдерді тасымалдау, егер Тасымалдаушы Жолаушының алдында Жолаушы үшін және іштегі құрсақ үшін тасымалдау барысында және тасымалдаудың нәтижесінде туындауы мүмкін жағымсыз салдарлар үшін ешқандай жауапкершілікті мойнына алмаған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

#### **4.5. Қазақстан Республикасына кіру/шығу ережелері**

Елден қуу (депортациялау) жағдайларын қысқарту мақсатында және Грузия мен Ресей елдерінің арасында екі тараптық тәртіппен визалық тәртіпті енгізумен байланысты, Қазақстаннан транзитпен Грузияға (Тбилиси) ұшатын және кері қайта ұшатын Ресей азаматтарына әуе билеттерін беру грузиялық визаның негізінде (Ресей азаматтары үшін) рәсімделеді, сонымен қатар Қазақстаннан транзитпен Ресейге ұшатын және кері қайтара ұшатын Грузия азаматтарына әуе билеттерін беру ресейлік визаның негізінде (Грузия азаматтары үшін) рәсімделеді.

Байқоңыр қаласындағы «Крайний» аэродромына тұлғалардың келу заңдылығын растайтын құжаттары жоқ тұлғаларға (транзиттік жолаушыларды қоса алмағанда) әуе билеттерін сатуға тыйым салынады. Ондай құжаттар: іссапарлық куәлік, шақыру, демалыс билеті, Байқоңыр қаласына кіру рұқсат қағаздары.

«Крайний» аэродромына ұлғаның келу заңдылығын растайтын құжаттар жолаушыда болмаған жағдайда, жолаушының аэродром аумағынан кетуімен байланысты барлық кейінгі іс - әрекеттер әуе билетін сатқан агенттікке жүктеледі.

#### **4.6. Транзиттік және трансферлік жолаушыларды тасымалдау**

1. Тасымалдаушы немесе оның Агенті транзиттік немесе трансферлік жолаушыға жолаушы Билетін рәсімдеу кезінде тасымалдау бағыты бойынша төмендегілерді жүзеге асыруға міндетті:

- рейс ұшқанға дейін әкімшілік рәсімдерден өту үшін жолаушының әуежайға уақтылы келуіне мүмкіндік жасайтын барлық бағыт алаңдарында трансферлік жолаушыға орын брондау және тасымалдауды брондауды растауды қамтамасыз ету;

- жолаушыға жеткізу орнына дейін оны ары қарай тасымалдау үшін транзит немесе трансфер әуежайына орындауы тиіс үрділер туралы жолаушыларға хабар беру;

- халықаралық тасымалдау кезінде транзит немесе трансфер орындарында мемлекеттік органдардың талаптары туралы жолаушыларға хабар беру.

**Ең қысқа түйісу уақыты (Minimum Connection Time - ЕҚТУ).**

ЕҚТУ – трансферлі тасымалдауды ұзге асыру кезінде трансферлі жолаушыға қызмет көрсету мен багажды өңдеуге әуежайдың кепілдік беретін ең қысқа уақыты.

- ішкі рейстен ішкі рейске қайта отырғызу кезінде 60 минут
- ішкі рейстен халықаралық рейске және халықаралық рейстен ішкі рейске қайта отырғызу кезінде 90 минут
- халықаралық рейстен халықаралық рейске қайта отырғызу кезінде 90 минут

2. 24 саатқа дейінгі үйісу кезінде, трансферлі багаж соңғы орынға дейін немесе жөнелту/трансфер әуежайының мүмкіндіктеріне байланысты және трансфер орнындағы мемлекеттік органдардың талаптарына байланысты трансфер орнына дейін рәсімделеді. Егер жолаушының рейстерінің арасындағы үйісуі 24 сағаттан астам болса, оның багажы тек трансфер орнына дейін ғана рәсімделеді.

**SCAT әуе компаниясы басқа тасымалдаушының орындайтын үйісу рейстерінің бірінің кешігуі үшін жауапкершілікті мойнына алмайды.**

#### **4.7. Іскерлік санатты жолаушыларды тасымалдау**

1. Іскерлік санатты жолаушылары тіркеу кезінде, ережеге сәйкес, жекелеген тіреуде рәсімделеді және ұшақтың бортына үнемді санатты жолаушыларынан бөлек соңғы кезекте, алайда ресми тұлғаларды отырғызу басталғаннан кешіктірместен жеткізіледі.

2. Әуежайда іскерлік санатты жолаушыларына іскерлік залға бару (VIP, СІР) ұсынылуы мүмкін. Бұл мүмкіндік жөнінде Тасымалдаушы жолаушыға тіркеу кезінде хабарландырады.

3. Әуе кемесінің бортында іскерлік санатты жолаушыларына іскерлік санаттағы салоннан орын беріліп, арнайы қызмет көрсету шаралары ұйымдастырылады.

4. Ұшып жеткеннен кейін, іскерлік санатты жолаушылары әуе кемесінен бірінші кезекте, үнемді санатты жолаушыларынан бөлек, алайда ресми тұлғалардан бұрын емес, шығады.

#### **4.8. Сервистік билеттер бойынша жүретін жолаушыларды тасымалдау**

1. Жолаушы, әуе кәсіпорнының қызметкері немесе Тасымалдаушының өзінің жеке қызметкерлері Тасымалдаушының рейстерінде оның келісімімен сервистік билет бойынша тасымалдануы мүмкін. Тасымалдау маңыздылығына және қызметкердің лауазымына байланысты, расталған (SA) немесе расталмаған брондау арқылы сервистік билет ұсынылуы мүмкін.

2. Аса қолайлы етіп тасымалдау үшін, жолаушы қажетті орындардың санын брондай алады. Қосымша креслоларға төлем жасау үнемді санаттың қол жетімді тарифі бойынша ұзге асырылады.

- жолаушы тасымалдауқұнын төлеген жолаушыларды және (немесе) орындарды брондау құқығына ие басқа жолаушыларды тасымалдауға қабылдағаннан кейін бос орын болған жағдайда тасымалдауға қабылдануы мүмкін;

- жолаушының транзиттік тасымалдануы орын ~~аян~~ жағдайда, ары қарай тасымалдау алаңдарында бос орындардың болмауына байланысты кез келген әуежайда оның тасымалдануы уақытша тоқтатылуы мүмкіндігі туралы хабарлануы керек, және Тасымалдаушы бұл үшін ешқандай жауапкершілікті мойнына алмауы тиіс;

- трансферлік тасымалдау жағдайында жолаушы мен оның багажы тек бірінші трансферлік әуежайға дейін ғана тіркелген болуы мүмкін;

- бір алаңда тасымалдау орын алған жағдайда, багажды тез арада сәйкестендіру мақсатында, осындай жолаушылардың багажы, оған кіру қиындамауы үшін және қажет болған жағдайда оны тез арада түсіру мүмкін болуы үшін, әуе кемесіне ең соңғы кезекте тиелуі тиіс.

3. Ары қарай тасымалдау алаңында бос орынның болмауының себебінен, расталмаған бронды сервистік Билетке ие жолаушының саяхатын бір рейспен жалғастыра алмайтыны транзиттік әуежайда бекітілген жағдайда, Тасымалдаушы тез арада осындай жолаушымен байланысқа түсіп, оған осы жағдай жөнінде тез арада хабар беруі тиіс, сонымен қатар жолаушыны түсіріп, оның багажын оған беруі тиіс. Жолаушының саяхатын тоқтатуына байланысты оған келтірілуі мүмкін қандай да бір шығындардың орнын Тасымалдаушы толтырмайды.

4. Трансферлік әуежайда брондауы расталмаған сервистік Билетке ие Жолаушы ұшу әуежайында қалай қызмет көрсетілсе, онда да дәл сондай қызмет көрсетіледі.

Ұшулардың тұрақтылығы бұзылған жағдайда, брондары расталған сервистік Билеті бар жолаушылар Билеткеөлем жасаған жолаушылардай қызмет көрсетіледі . Тасымалдауға қабылданып қойған брондары расталмаған сервистік Билеттері бар жолаушылар, ~~ба~~ барлық жолаушылар сияқты, ұшу тұрақтылығын бұзған жағдайда, қызмет көрсетіледі.

## **5 Тарау. Үй жануарларын тасымалдау ережелері**

Үй жануарлары (иттер, мысықтар, құстар, балықтар мен көгершіндерді есепке алмағанда) тек ересек жолаушылардың сүйемелдеуімен және Әуе компаниясымен алдын-ала келісім бойынша ғана тасымалданады.

Жолаушы келесі құжаттарды ұсынуы тиіс:

- өкілетті мемлекеттік мекеменің тарапынан берілген сертификат

- нақты ұшу күніне дейін кемінде 10 күннен кешіктірместен алынған мал дәрігерлік сертификаты

- тасымалдау жүзеге асырылатын кез келген елдің аумағынан немесе кез келген елдің аумағында мал дәрігерлік органдардың талап ететін басқа да құжаттары.

Жануарлар менқұстарды тасымалдау үшін, жолаушы ауа кіретін жеткілікті мөлшерге ие контейнермен (тормен)қамтамасыз етуі тиіс . Контейнердің түбі су өткізбейтін болуы және сіңіргіш материалмен жабылған болуы тиіс. Ерекше әртіппен жануарлар мен құстарды қатты жабылған кәрзеңкелерде және ауа кіру үшін ойықтары бар қораптарда тасымалдауға жол беріледі. Итке арналған тордың мөлшері жануардың тіке тұруына және 360 градусқа бұрылуына мүмкіндік беруі тиіс. Құстардың торлары жарық өткізбейтін матамен жабылған болуы тиіс.

Үй жануарлары тасымалдау үшін тіркелген багаж немесе жүк ретінде қабылданады. Контейнермен (тормен) біргеүйемелденетін жануардың және құстың салмағы жолаушының ақысыз алып өтетін багажының нормасына кірмейді және жолаушы оны нормадан тыс багаж ретінде төлеуі тиіс (ол үшін ХСБ немесе ақылы багаж түбіртегі рәсімделеді).

Егер жануардың салмағы, контейнермен (тормен) бірге 5 кг -нан аспаса, жануар~~әуе~~ компаниясының келісімімен жолаушылар салонында (қол жүгі ретінде) тасымалдануы мүмкін. Егер жануардың салмағы контейнермен (тормен) бірге 8 кг -нан асып кететін болса, мұндай жануар әуе кемесінің тек багаж-жүк бөлімшесінде ғана тасымалданады.

Жөнелтуші иттер (көзі көрмейтін немесе құлағы естімейтін жолаушыларды сүйемелдеуші) торсыз ақысыз түрде, егер мұндай иттің мойнында қарғысы және тұмылдырығы болған жағдайда және ол иесінің жанында болған жағдайда, ақысыз багажды алып кету нормасынан тыс тасымалданады.

## **6 Тарау. Багажды тасымалдау**

### **6.1. Жалпы талаптар**

1. Жолаушының багажы тіркелген багаж ретінде тасымалдауға қабылданады және әуе кемесінің багаж-жүк бөлімшелерінде тасымалданады. Жолаушыдағы заттар тіркелмеген багаж ретінде (қол жүгі) әуе кемесінің салонында тасымалданады.

2. Жолаушының тіркелген багажы жолаушының отырған әуе кемесінде тасымалдануы тиіс. Егер мұндай тасымалдау мүмкін болмаған жағдайда, Тасымалдаушы жолаушының жететін орнына ең жақын рейсті орындайтын әуе кемесімен жеткізіп беруі тиіс.

3. Тасымалдаушы, егер багаждың салмағы, орындардың саны, құрамы, көлемі немесе қорабы осы ережелердің талаптарына сәйкес келмейтін болса, жолаушыға оның багажын тасымалдаудан бас тарту құқығы бар.

4. Тіркеуден кейінәуе кемесіне отыруға келмеген жолаушының багажы (оның ішінде отырғызуға келмеген транзитті жолаушының багажы мен оның әуе кемесінің салонындағы қол жүгі) әуе кемесінің бортынан міндетті түрде түсірілуге жатады.

Егер багаж оның қауіпсіз тасымалдануын қамтамасыз ететін шаба дандарға, қораптарға, сөмкелерге немесе басқа қорапқа оралмаған болса, әуе компаниясы багажды тіркелген ретінде қабылдамайды.

## 6.2. Бағажды ақысыз алып кету нормасы

1. Жолаушы белгіленген норманың шегінде өзінің багажының ақысыз әкетілуіне құқығы бар. Бағажды ақысыз алып кету нормасы, оның ішінде жолаушының қолындағы заттар (қол жүгі) Тасымалдаушының тарапынан әуе кемесінің түріне, брондау санаты мен бағытына қарамастан белгіленеді. Бағажды ақысыз алып кету нормасы бір жолаушы үшін он килограммнан кем болмайды.

2. Орын берілместен еріп жүретін 2 жасқа дейінгі балаларға арналған ақысыз алып жүру багажының нормасы әуе компаниясының ішкі және халықаралық рейстерінде бағажды ақысыз алып өту нормасы салмағы бойынша белгіленетін бағыттарда ("WEIGHT CONCEPT") 0 кг құрайды.

Әрбір ересек жолаушы мен 2 жастан 15 жасқа дейінгі аралықтағы балалар үшін ішкі бағыттарда тасымалдау үшін 20 кг бағажды ақысыз алып өту нормасы бекітіледі, оның ішінде 5 кг-нан аспайтын қол жүгі – үнемді санат үшін, және іскерлік санат үшін – ақысыз бағажды алып өту – 30 кг, оның ішінде қол жүгі – 5 кг құрайды.

Әрбір ересек жолаушы мен 2 жастан 15 жасқа дейінгі аралықтағы балалар үшін халықаралық бағыттарда тасымалдау үшін 20 кг бағажды ақысыз алып өту нормасы бекітіледі, оның ішінде 5 кг-нан аспайтын қол жүгі – үнемді санат үшін, және іскерлік санат үшін – ақысыз бағажды алып өту – 30 кг, оның ішінде қол жүгі – 5 кг құрайды.

3. Тасымалдаушы немесе оның Агенті тасымалдау барысында белгіленген бағажды ақысыз алып өту нормасы туралы, сонымен қатар міндетті түрде төленуге жататын бағаж немесе белгіленген нормадан жоғары бағажды алып өту үшін төлем жасау қажеттілігі туралы жолаушыға хабар беруге міндетті.

4. Жолаушының багажын әуе көлігімен тасымалдау нормасы бағаждың килограммен (кг) есептелген салмағымен, ал кейбір халықаралық әуе желілері бойынша тасымалдау барысында – бағаж орнының саны бойынша реттеледі. Бағажды тасымалдау бағаж орнының санымен реттелетін халықаралық әуе желілері бойынша бағажды алып өтудің ақырғы нормасы тиісті нормативтік құжаттармен (халықаралық конвенциялармен, халықаралық келісімшарттармен, тиісті елдің ұлттық заңнамасымен) белгіленеді. Бағажды алып өтудің ақырғы нормасына қатысты жоғарыда көрсетілген құжаттардың нормалары осы Ережелерге бірлестіріп жүйеленген ретінде есептеледі.

5. Трансферлік тасымалдау кезінде, бағажды ақысыз алып өту нормасын соңғы тасымалдау орындарының арасындағы тура нормаға сәйкес белгіленеді.

6. Жолаушының қалауы бойынша, бағажды ақысыз алып өту нормасынан жоғары бағажды тасымалдау үшін төлем жолда тоқтаған орынға немесе трансферге дейін жүзеге асырылады.

7. Егер жөнелту орнында жолаушы өзінің мәлімдегенінен **азырақ** және алдын-ала төлеп қойған салмақтағы бағажды билетті рәсімдеу кезінде ұсынатын болса, онда бағаждың мәлімденген салмағы мен нақты салмағының арасындағы айырмашылық алдын-ала төлем жасалған валютада жолаушыға қайтарылып беруге жатады.

Егер жолаушы өзінің мәлімдегенінен және алдын-ала төлем жасағаннан **көбірек** мөлшердегі бағажды тасымалдауға ұсынған болса, мұндай бағаж жолаушымен бірге бір әуе кемесіне тасымалдауға тек бос тоннаж болған жағдайда және тиісті төлем жасағаннан кейін ғана қабылданады.

8. Тасымалдау бағытын мәжбүрлі түрде өзгерткен жағдайда, егер бұл жағдайды ұшу қауіпсіздігінің және/немесе авиациялық қауіпсіздік шарттары талап ететін болса, сонымен қатар оқиға форс-мажорлық жағдайлардың себебінен туындаған болса, жолаушы алғашқы төленген бағыт және қызмет көрсету санаты бойынша өзіне алып өтуге рұқсат берілген бағаждың осындай санын ақысыз алып өте алады.

9. Тасымалдаушы құжат арқылы расталған ортақ сапар мақсаты (Билеттердің нөмірлері бірінен кейін бірі келеді немесе Билеттер бір агенттікте бір қүні сатып алынған немесе бір отбасы немесе жолаушылар тобы іссапарға бірге бара жатыр), бір әуе кемесінде бір жету орнына бір бағыт бойынша бірге еріп жүретін жолаушылардың өтініші бойынша, біріккен бағажды ақысыз алып өту нормасын ұсынады (әрбір жолаушы үшін бағажды ақысыз алып өту нормасының сомасы). Біріктіру тек ақысыз бағажды алып өту нормасына ғана қатысты. Бағаж әрбір жолаушы үшін жеке рәсімделеді.

## 6.3. Тіркелген бағаж

1. Жолаушының багажы жөнелту әуежайында немесе басқа тіркеу орнында оны тіркеу кезінде тасымалдауға қабылда нады. Тасымалдаушы немесеҚызмет көрсетуші ұйым тіркелген багаждың әрбір орны үшін нөмірлік багаж белгісін жолаушыға беруге міндетті. Багаж белгісі багажды өйкестендіруге арналған. Ерекше тасымалдау шарттарын белгілеу үшін, тіркелген багажға қосымша түрде арнайы нөмірсіз багаж белгісі жапсырылады.

2. Багаждың әрбір орнының салмағы 32 кг-нан және көлемі бойынша үш өлшем сомасы бойынша 158 текше сантиметрден асып кетпеуі тиіс.

3. Трансферлік жолаушылардың багажы соңғы орынға дейін немесе тасымалдау шарттарына байланысты трансфер орнына дейін әрімделеді . Трансферлі жолаушылардың багажын аралық әуежайларда осы тасымалдау орны бастапқы болып есептелетін жолаушылардың тексерілген багажымен араластырылғанға дейін міндетті түрде ұшу алдындағы тексеруден өткізеді.

4. Тасымалдаушы немесеҚызмет көрсетуші ұйым тіркелген багаждың саны мен салмағы туралы қағаз Билетке жазу ы тиіс, аталған жазу жолаушыға берілген багаж түбіртегі ретінде қаралады. Электронды билет жағдайында, багаждың салмағы мен саны туралы жазба электронды түрде енгізіледі.

5. Багаж тіркелгеннен кейін, Тасымалдаушы оны сақталуы үшін жауапкершілікті мойнына алады.

6. Тіркелген багажды тасымалдауға тапсырған мезеттен бастап оны берген мезетке дейін, оны өйкестендіру немесе тиісті қызметтердің тарапынан қосымша тексеруден өткізу жағдайларын есепке алмағанда, жолаушының багажды алуына тыйым салынады.

7. Тасымалдаушы жолаушыны отырғызу әуежайында және (немесе) жөнелту әуежайында жолаушының тасымалдайтын багажының салмағын тексеруге құқығы бар. Егер жолаушының ақысыз алып өту нормасынан асатын немесе багаж түбіртегінде көрсетілген нормадан жоғары багажды осы тасымалдау үшін тиісті төлем жасамастан тасымалдап жатқандығы бекітілетін болса, Тасымалдаушы багаждың осындай бөлігіне төлем жасауды талап етуі мүмкін.

#### **6.4. Жолаушының қолындағы заттар (қол жүгі)**

1. Жолаушының қолындағы заттар (қол жүгі) тіркелмеген багаж болып есептеледі. Салонда жеке орынұсынбастан тасымалданатын балаларды есепке алмағанда, әрбір жолаушыға ақысыз қол жүгін тасымалдауға рұқсат беріледі. Оның рұқсат берілген салмағы әуе компаниясының тарапынан белгіленеді.

Авиациялық қауіпсіздікті, өмірді қорғау, әуе кемелерінің экипаж мүшелері мен жолаушыларының денсаулығын қамтамасыз ету мақсатында, авиация қауіпсіздігі шарттары бойынша әуе көлігінде тасымалдауға тыйым салынған заттар қол жүгі ретінде тасымалданбауы тиіс.

2. Қол жүгі ретінде төмендегілер тасымалдануы мүмкін:

- үнемді санат жолаушылары үшін – салмағы 5 кг дейін, көлемі 55x40x20 см аспайтын бір багаж орнынан көп емес;

- іскерлік санат жолаушылары үшін – әрқайсысының салмағы 5 кг дейін, әрқайсысының көлемі 55x40x20 см аспайтын екі багаж орнынан көп емес.

3. Тасымалдаушы немесеҚызмет көрсетуші ұйым әуе кемесінің салонында тасымалданатын қол жүгін рәсімдеу кезінде әрбір ұсынылған орын үшін «Қол жүгі» деген белгісін беруге және оның салмағын багаж түбіртегіне жазуға міндетті.

4. Ерекше жағдайларда, Тасымалдаушының рұқсаты бойынша, тасымалдау барысында аса сақтық шараларын талап ететін қол жүгі габаритінің көлемінен асып кетпейтін, 5 кг аспайтын салмаққа ие заттар (багажды ақысыз алып өту нормасының есебінен) тасымалдануы мүмкін.

5. Қол жүгі оны тасымалдау кезінде жолаушы креслосының астына орналастырылуы тиіс. Жабылатын багаж бөлімшесіндегі жолаушы креслосының үстіне кішкене жеңіл заттар мен жолаушының үстіңгі киімін орналастыру керек.

6. Тіркеу кезінде жолаушы тасымалданатын багаждың салмағын өлшеу үшін таразыға ұсынуға міндетті, әуе кемесіне отырғызу кезінде немесе әуе кемесінен түсіру кезінде, сонымен қатар егер олар жолаушының қолында болса және багажға салынбаған болса, оған қажет болуы мүмкін заттарды есепке алмағанда:

әйелдердің сөмкесі немесе портфелі;

қағаздарға арналған қорапша;

қолшатыр;  
таяқ;  
гүлшоқ;  
жоғарғы киім;  
ұшу кезінде оқуға арналған басылымдар;  
ұшу кезінде балаға арналған тағам;  
ұялы байланыс телефоны;  
фотоаппарат;  
бейнекамера;  
ықшамды компьютер;  
портпледтегі костюм;

2 жасқа дейінгі баланы тасымалдау кезінде балаларға арналған арба, бесік немесе автокөлік креслосы;

шектеулі үрде қозғалатын жолаушыны тасымалдау кезінде балдақтар, зембілдер немесе кресло арба;

Осы тармақта көрсетілген заттар салмағын өлшеу үшін ұсынылмайды, рәсімдеуге жатпайды және белгілермен таңбаланбайды (қол жүгі үшін габариті рұқсат етілген мөлшерден асып кететін балалар арбасын есепке алмағанда).

7. Жолаушы әуе кемесінің салонында тасымалданатын қол жүгінің қауіпсіздігі үшін өзі жағдай жасауға міндетті. Тасымалдау құжатында көрсетілген рейсті орындау барысында үзіліс болған жағдайда, жолаушы әуе кемесінің бортынан түсіру кезінде орналастырылған қол жүгін өзімен әкетуге міндетті.

Әуе компаниясы кішкене өлшемдердегі кесікті, сызатты, қабысуды, ысырылуды, тесілуді, дақтардың орындарын, ішіне майысқан жерлерді қоса алғанда, тіркелмеген багажды/қол жүгін пайдалану әгжесінде туындаған сынғақ және берік емес заттардың зақымдалуы үшін жауапкершілікті мойнына алмайды және келтірілген зиянның орнын толтырмайды.

#### **6.5. Ақылы (нормадан тыс) және габаритсіз багаж**

1. Жолаушы Тасымалдаушыға немесе оның Агентіне белгіленген нормадан тыс багаждың болжамды салмағы мен орын саны туралы алдын ала хабарлауы тиіс, соныменқатар мұндай багажды брондау міндетті түрде жүзеге асырылады.

2. Жолаушы төлем жүргізу уақытында әрекет ететін Тасымалдаушының белгілеген тарифі бойынша багажды қысыз алып өту нормасынан асып кететін багажды тасымалдауға төлем жүргізуге міндетті.

3. Егер жолаушы багажды тасымалдауға алдын -ала Тасымалдаушымен келісіліп өпенген мөлшерден жоғарырақ багажды ұсынған болса, онда багаждың мұндай көлемі әуе кемесінде бос тасымал сыйымдылығы болған жағдайда және жолаушы оған төлем жасаған жағдайда ға на тасымалдауға қабылдануы мүмкін.

4. Тасымалдаушы, егер ұндай тасымалдау Тасымалдаушымен алдын-ала келісілмеген болса, багажды қысыз тасымалдау нормасынан Тасымалдаушының белгілеген салмағы асып кететін жолаушының багажын тасымалдаудан шектеуге немесе бас тартуға құқығы бар.

5. Жолаушы тасымалдау бағыты бойынша жол жүру барысында тасымалданатын багаж орны мен салмағын Тасымалдаушының келісімі бойынша көбейтуге немесе азайтуға құқығы бар.

6. Жолаушы жол жүру барысында тасымалданатын багаждың салмағы мен/ немесе орнының санын көбейткен жағдайда, бұрын төленген тасымалданатын багаждың белгіленген ақысыз алып өту нормасынан асатын салмаққа немесе габаритке ие багажды тасымалдауға міндетті.

7. Жолаушы әуе кемесіндегі орынды брондау кезінде немесе жолаушы Билетін сатып алу кезінде, Тасымалдаушыға немесе оның Агентіне габаритсіз багаждың тасымалдануы туралы хабар беруге міндетті.

8. Габаритсіз багаж – бұл үш өлшемді сомада бір орынның мөлшері 203 см-ден артық болатын багаж болып табылады.

9. Габаритсіз багаж, егер әуе кемесінің тиейтін люктері мен багаж -жүк бөлімшелерінің көлемі оны әуе кемесіне тиеуге немесе әуе кемесінен түсіруге және әуе кемесінің бортына орналастыруға мүмкіндік беретін болса, тасымалдауға қабылданады . Бұл багаждың әуе кемесіне,

эуе кемесінен эуе кемесінің бортына тасымалдау кезінде оны бекітуге арналған тасымалдау құралына арналған тұтқасы болуы тиіс.

10. Тасымалдаушының габаритсіз багажды тасымалдауға қабылдаудан бас тарту құқығы бар.

11. Нормадан тыс және (немесе) габаритсіз багажды тасымалдау шылардың бірнеше эуе кемелерімен тасымалдауқажеттілігі кезінде, осы багажға тасымалдау құжаттарын рәсімдейтін Тасымалдаушы осындай тасымалдау үшін аталған Тасымалдаушылардың келісімін алуы тиіс.

#### **6.6. Нормадан тыс багажды төлеуге арналған түбіртек**

1. Нормадан тыс багажды өлеуге арналған түбіртек төлеуге тиесілі багажды тасымалдау үшін жолаушының төлем жүргізгенін куәландырады.

2. Нормадан тыс багажды өлеуге арналған түбіртек міндетті түрде белгіленген үлгі бойынша орындалған ұшу (бірден төртке дейін) және жолаушылар купонынан тұруы тиіс.

#### **6.7. Эуе кемесінің салонында багажды тасымалдау**

1. Аса сақтық шараларын талап ететін жолаушының багажы (кино-, фото-, теле-, бейне-радиоаппаратура, электронды және оптикалық аспаптар, ұйымдастыру техникасы, музыкалық саймандар, сынғыш заттар) эуе кемесінің салонына тасымалдануы мүмкін.

2. Эуе кемесінің салонына багажды тасымалдау Тасымалдаушымен алдын-ала келісім бойынша рәсімделеді және жүзеге асырылады. Жолаушы Тасымалдаушыға немесе оның Агентіне тасымалдауды брондауды рәсімдеу кезінде және Билетті сатып алу кезінде эуе кемесінің салонына багажды тасымалдау туралы хабар беруге және осы багаж үшін жекелеген орынға төлем жасауға міндетті.

3. Эуе кемесінің салонында багажды тасымалдауға оны сүйемелдейтін жолаушыны тасымалдау рәсімделген, құны 100% тарифті құрайтын, жекелеген Билет рәсімделеді.

4. Багаждың салонында тасымалданатын салмақ жолаушының салмағының орташа мәнінен асып үспеуі тиіс (80 кг -нан аспайтын), ал багаждыңгабаритті өлшемдері оның жекелеген жолаушы креслосына орналасуына мүмкіндік беруі тиіс.

5. Эуе кемесінің салонында тасымалданатын багаждың қорабы жолаушылар креслосында оны бекітуге арналған құралға ие болуы тиіс.

6. Эуе кемесінің салонында тасымалданатын багажды эуе кемесінің бортына жеткізу, оны көтеру, эуе кемесінің салонына орналастыру, эуе кемесінің бортынан түсіру және эуе кемесінен жеткізу жолаушының тарапынан жүзеге асырылады.

#### **6.8. Дипломатиялық багаж (пошта), қызметтік хабар**

1. Дипломатиялық шабарманның сүйемелдейтін дипломатиялық багажын (поштасын) эуе кемесінің салонында тасымалдауға рұқсат беріледі. Ол дипломатиялық шабарманның жеке багажынан блек, тіркелмеген багаж (қол жүгі) ретінде рәсімделеді және жеке жолаушы креслосына орналастырылған болуы мүмкін.

2. Салонда тасымалданатын дипломатиялық багаждың (поштаның) салмағы жолаушының салмағының орташа мәнінен асып кетпеуі тиіс (80 кг-нан артық емес), ал багаждың габаритті көлемі оның жекелеген жолаушы креслосына орналастырылуына мүмкіндік беруі тиіс.

3. Дипломатиялық багажды (поштаны), қызметтік хат-хабарды тасымалдау Тасымалдаушының белгілеген тарифтері бойынша төленеді:

- А4 конвертті көлемге ие 1 кг дейін (2000 мың теңге, 400 сом, 17\$USD)

- А4 конвертінің көлемінен үлкен 1 кг-ға дейін (3000 мың теңге, 600 сом, 25\$ USD)

- 1 кг-нан астам болса, жүк ретінде рәсімделеді

Хат-хабарды рәсімдеу эуе компаниясының өкілдігі арқылы және ХСБ көшірмесі немесе ақылы багаж түбіртегі арқылы жүзеге асырылады.

4. Тасымалдаушының жауапкершілігіне берілген дипломатиялық багажды (поштаны) тасымалдау Тасымалдаушының белгілеген ережелерінің негізінде жүргізіледі.

#### **6.9. Багаждың ішіндегісіне қойылатын талаптар**

1. Ұшулардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, багаж ретінде тасымалдау үшін төмендегілер қабылданбайды:

а) Қазақстан Республикасының заңымен және Үкіметтің қаулыларымен, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының ережелері мен ұйғарымдарымен, азаматтық авиация саласындағы халықаралық құжаттармен, Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдерімен, тасымалдау шаралары жүзеге асырылып жатқан кез келген елдің аумағында, аумағынан немесе аума арқылы өтетін кез келген елдің мемлекеттік органдарының құжаттарымен тасымалдауға тыйым салынбаған заттар мен нәрселер;

б) жарылыс заттар, ішіне салынған жарылыс құралдары мен заттар;

в) сығылған немесе сұйытылған газдар;

г) тез тұтанғыш сұйықтықтар;

д) тұтанғыш қатты заттар;

е) тотығатын заттар мен органикалық тотықтар;

ж) уытты заттар;

з) радиобелсенді материалдар;

и) күйдіргіш және коррозиялы заттар;

к) улы және уландырғыш заттар;

л) оқ дәрімен атылатын, суық және газды қару;

м) жолаушыларға, әуе кемесінің экипажына шабуыл жасау қаруы ретінде қолданылуы мүмкін, сонымен қатар әуе кемесінің ұшуына қауіп төндіретін басқа материалдар мен заттар.

2. Жолаушының багажы ретінде шектеулі мөлшерде тасымалдануы мүмкін бұйымдар мен заттар:

а) арбалеттер, су асты аңшылыққа арналған мылтық, қылыш, шапашот, наркескен (қайқы қылыш), алдаспан, найза, сапы, кенжал, пышақтар: аңшылыққа арналған, қайырылатын жүзі бар, жабылатын құлпы бар пышақтар, кез келген қару түріне ұқсас заттар;

б) жүзі 60 мм-ден астам ұзындыққа ие шаруашылық-тұрмыстық пышақтар (қайшы)

в) бір жолаушы үшін 5 литрден аспайтын бөлшек саудаға арналған ыдыстағы, алайда сыйымдылығы 5 литрден аспайтын ыдыстарда көлемі бойынша 24%-дан артық, алайда 70%-дан аспайтын алкогольі бар алкоголь сусындары

г) спорттық немесе тұрмыстық мақсаттарда қолдануға арналған аэрозольдер, кішкене баллондарының шығыс қақпақшалары сыйымдылығы 0,5 кг-нан аспайтын немесе 500 мл – 2 кг-нан аспайтын немесе бір жолаушы үшін 2 л ішіндегісінің өз бетінен шығатын қалпақшамен қорғалған

3. Жолаушылардың өздерімен бірге алып жүретін заттарының ішінде:

а) медициналық термометр – бір жолаушы үшін біреу;

б) стандартты құтыдағы сынапты тонометр - бір жолаушы үшін біреу;

в) герметикаланған контейнерге оралған әрі жөнелтушінің пломбасымен ұрылған барометр немесе сынапты манометр;

г) бір реттік қолдануға арналған оттықтар – бір жолаушы үшін біреу;

д) жылдам бұзылғыш өнімдерді салқындатуға арналған құрғақ мұз – бір жолаушы үшін 2 кг-нан артық емес;

е) 3% сутек тотығы – бір жолаушы үшін 100 мл-дан аспайтын;

ж) қауіпсіз еместерге жатпайтын сұйықтықтар, гельдер мен аэрозольдер: бір жолаушы үшін бір қорап – 1 литрден аспайтын өлемді берік жабылатын мөлдір пластиктен жасалған қорапқа оралған сыйымдылығы 100 мл-дан аспайтын ыдыстарда (немесе өл емді өлшеудің басқа бірліктеріндегі баламалы ыдыста). Тасымалдау үшін 100 мл-ден аспайтын сыйымдылыққа ие контейнерлердегі сұйықтықтар, егер ыдыс тек жартылай ғана толтырылған болса да қабылданады. Тасымалдау үшін ерекше жағдайлар ретінде дәрі-дәрмектер, балалардың тамағы, арнайы диеталық қажеттіліктері болып табылады.

з) Әуежайда немесе әуе кемесінің бортындағы бажсыз сауда -саттық дүкендерінде салып алынған сұйықтықтар бүкіл ұшу барысында қораптың ішіндегісіне кіру сәйкестігін қамтамасыз ететін пластиктен жасалған берік жапсырылған (пломбаланған) қорапқа оралған болуы тиіс, онда осы сатып алудың әуежайдағы бажсыз сауда -саттық дүкендерінен немесе әуе кемесінің бортынан сапарға шыққан күні сатып алынғандығын білдіретін анық растама болуы тиіс. Әуе компаниясының әкімшілігі аса қауіптілікке ие рейстерде авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қосымша шараларды енгізу туралы шешімді қабылдауға құқығы бар, оның нәтижесінде әуе кемесінің салонында келесі заттарды тасымалдауға тыйым салынады: штопорлар; тері астына

дәрі енгізуге арналған инелер (егер медициналық негіздеме ұсынылмаған жағдайда); тоқыма біздері; жүзінің ұзындығы кемінде 60 мм қайшы; жиналмалы (бекіткішсіз) жолға арналған шаппа бәкі: жүзінің ұзындығы 60 мм-ден кем болуы тиіс.

4. Тасымалдаушының рұқсатымен жолаушы багажы ретінде тасымалдануы мүмкін бұйымдар мен заттар:

а) медициналық мақсаттар үшін қажетті газ тектес оттегі немесе ауасы бар кішкене баллондар (салмағы 10 кг дейін);

б) науқастарды тасымалдауға арналған кресло-арбалар немесе батареямен іске қосылатын басқа заттар, батареясы ағып кетпейтін және тіркелген багажда тасымалданатын жылжымалы құралдар, егер батареяның қысқыштары қысқа тұйықталудан қорғалса және батарея кресло-арбаға немесе жалжымалы құралға берік бекітілген болуы тиіс;

в) науқастарды тасымалдауға арналған кресло-арбалар немесе батареямен іске қосылатын басқа заттар, батареясы ағып кететін және тіркелген багажда тасымалданатын жылжымалы құралдар, егер кресло-арбаны немесе жылжымалы құралды тек тік қалпында ғана тиеуге, орналастыруға, бекітуге және түсіруге болса және егер батарея сөндірілген, батареяның қысқыштары қысқа тұйықталудан қорғалған және батареясы кресло-арбаға немесе жылжымалы құралға берік бекітілген болса.

Егер кресло-арбаны немесе жылжымалы құралды тік қалпында тиеу, бекіту және түсіру мүмкін болмаған жағдайда, батареясын алу қажет, содан кейін кресло-арбаны немесе жылжымалы құралды тіркелген багаж ретінде ешқандай шектеусіз тасымалдауға болады. Алынған батареяны берік әрі қатты орама жинақтарда тасымалдауға болады, сонымен қатар:

1) орау жинақтары кемуді шектеуі және батареяның сұйықтығын жібермеуі тиіс; тиісті бекіткіш құралдардың көмегімен, мысалы, бекіткіш ленталардың, тұтқалардың немесе тіреулердің көмегімен тіреулерге бекіту арқылы шалқаюдан қорғауды да қамтамасыз етуі керек;

2) батареяларды қысқа тұйықталудан қорғау қажет, осындай орау жинақтарына тік бекітуі және ішіндегі сұйықтықты толығымен сіңіру үшін, үйлесімді сіңіретін материалдардың жеткілікті мөлшерімен қымтау қажет;

3) осындай орау жинақтарына қорапты орналастыру белгісін, «батарея сұйықтығы, кресло-арбамен бірге» немесе «батарея сұйықтығы, жылжымалы құралмен» таңбасын және коррозия қауіпті белгісін жапсыру қажет.

Әуе кемесінің командирі жолаушыға науқасты тасымалдауға арналған кресло-арбаның немесе орнатылған батареясы бар жылжымалы құралдың орналасқан жерін немесе оралған батареяның орналасқан жерін хабарлауы тиіс.

Жолаушы өзінің әрекеттерін алдын-ала Тасымалдаушымен келісіп алғаны, одан бөлек, ағатын болып есептелетін батареяларға, мүмкіндік бойынша, кем іп қалудың алдын алатын желдеткіш тығындарды орнату қажет екендігі ұсынылады;

г) тек қол жүгінде сынапты барометр немесе Гидрометеорология саласында атқарушы биліктің федералды органының қызметкері болып табылатын жолаушының тасымалдайтын сынапты термометр ғана. Барометр немесе термометр тығыздалған ішкі қосымша беті бар берік сыртқы орау жинағына немесе берік өткізбейтін немесе тесілмейтін сынапты өткізбейтін материалдан жасалған қапшыққа оралған болуы тиіс. Аталған сынап өткізбейтін материал оның орналасуына қарамастан, қораптан сынаптың кеміп қалуына жол бермейді. Тасымалдаушы (әуе кемесінің командирі) барометр немесе термометр туралы ақпаратқа ие болуы тиіс;

д) үрлеп кіргізу мақсаттары үшін өздігінен үрленетін құтқару жилетіне кіргізілген ХААҰ ТН 2.2 санатты басқа тиісті газбен немесе көміртек қос тотығына ие екі кішкене баллондардан аспайтын тек бір ғана жолаушы ғана, оған қоса екі қосымша соған берілетін заряд;

е) жылу бөлетін бұйымы (яғни, батареямен іске қосылатын жабдық, атап айтқанда: су асты шырақтары, кездейсоқ қосқан кезде көп мөлшерде жылу бөлетін және өртті тудыруы мүмкін дәнекерлейтін жабдық) тек қол жүгімен ғана тасымалдануы мүмкін. Жылу бөлетін құрамдас бөлік немесе энергия көзі тасымалдау кезінде абайсыз қызмет етуді шектеу үшін, шешілуі тиіс.

5. Жолаушыға өзінің тіркелген багажына сынғыш және жылдам бұзылғыш заттарды, ақша қаражатын, зергерлік бұйымдарды, бағалы металдарды, компьютерлерді, электронды байланыс құралдарды, ақша міндеттемелері, құнды қағаздар мен басқа құндылықтар, іскерлік құжаттар, төлқұжаттар, жеке куәліктер, кілттер мен басқа заттарды кіргізуге ұсынбайды.

6. Жолаушы тасымалдау үшін тыйым салынған немесе аталған ережелермен бекітілген тасымалдау талаптары мен шарттарынан тыс қалыптан, заттарды багажбен тасымалдау үшін жауапкершілікті мойнына алады.

#### **6.10. Қару-жарақты, оқ-дәрілер мен арнайы құралдарды тасымалдау**

1. Қаруды, оқ-дәрілер мен арнайы құралдарды әуемен тасымалдау (одан әрі қару) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және олардың негізінде жасалған атқарушы биліктің федералды органдарының нормативті құжаттарының, басқа мемлекеттердің заңдары мен Қазақстан Республикасының халықаралық келісімшарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Кез келген қару-жарақ түрлері мен оқ-дәрілерді трансферлі тасымалдауға тыйым салынған.

3. Жолаушыға ұшу барысында әуе кемесінің салонына төмендегілерді салуға тыйым салынады:

- барлық түрлі оқ дәрімен атылатын, газбен, пневматикалық, суық және механикалық қару-жарақ;

- тапаншалар, алтыатарлар, бес атар мылтықтар, карабиндер мен басқа оқ дәрімен атылатын, газбен, пневматикалық қару, электр шок қондырғылары мен оларға ұқсас қондырғылар;

- қару-жарақтың кез келген үлгілері мен дәлбедерлері (сонымен қатар балалар ойыншығы);

- арбалеттер, су асты аңшылығына арналған қару, қылыш, шапашот, наркескен, ауыр қылыш, найза, сапы, кенжал, қысқа қанжар, үш қырлы кішкентай қанжар, пышақтар: аңшылыққа арналған, десанттық, финдік, найза пышақ, ашып жабылатын жүзі бар пышақтар, жабылатын құлпы бар пышақтар, сонымен қатар тағайындалуына қарамастан, шаруашылық-тұрмыстық пышақтар;

- жарылғыш заттар, түрлі мынадай жарылғыш заттар толтырылған жарылу құралдары мен заттары: кез келген түрдегі оқ -дәрі, кез келген қорапта және кез келген мөлшерде; әскери патрондар (аз калибрлілері жаса алғанда); газды қаруға арналған патрондар; капсулалар (аңшылыққа арналған пистондар); пиротехникалық құралдар: дабылды және жарық түсіретін ракеталар; дабылды патрондар, ілінетін найзалардың патрондары, қылыштар, копарғыш сіріңкелер, бенгал оттары, теміржол петардтары; тротил, динамит, тол, аммононал және басқа жарылғыш заттар; капсулалар – детонаторлар, электродетонаторлар, электр ұтанғыштар, детонацияланатын және от жүргізетін бау.

4. Жөнелту әуежайында сақтау мен тағу үшін құқығы бар жолаушының қаруы міндетті түрде ұшу барысында уақытша сақтау үшін Тасымалдаушыға беріледі де, жеткізу әуежайында ұшу аяқталған кезде жолаушыға қайтарылады.

5. Қызметтік міндеттемелерін орындау барысында тұлғалардың өздерімен бірге қаруды тасуы тек берілген ұқсат бойынша ғана және тасымалдау шаралары жүргізіліп жатқан елден немесе елдің аумағы арқылы сол елдің заңнамасын сақтаған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

Егер әуе кемесінің жүріп өту бағыты мемлекеттік шекара арқылы ұшып өтетін болса, онда бортта қаруды тасымалдауға қатысты мәселені жолаушы алдын-ала мүдделі елдердің тиісті өкілетті органдарымен осы елдерде әрекет ететін заңдар мен ережелерді сақтау үшін реттелуі тиіс. Жолаушының аталған елдің құзыретті органдарынан қарумен елге кіру үшін рұқсаты болуы тиіс.

6. Қаруды тасымалдауға қабылдау, қажетті құжаттарды рәсімдеу, жөнелту әуежайында әуе кемесінің бортына жеткізу және жеткізу әуежайына қаруды беру шараларын авиациялық қауіпсіздік қызметінің (АҚК) қызметкері жүзеге асырады.

7. Ұшу кезінде жолаушыдан қаруды уақытша сақтау үшін қабылдау үш данада – жолаушымен, қарудың иесімен және АҚК қызметкерімен қол қойылатын актімен рәсімделеді. Актінің бірінші данасына сонымен қатар Тасымалдаушы қол қояды да, жөнелту әуежайында АҚК-да қалады, екінші данасы Тасымалдаушыға беріледі, ал үшіншісі жеткізу әуежайында қаруды алу үшін жолаушыға беріледі. АҚК қызметкері қарудың иесі, яғни жолаушыға жеткізу әуежайында оны алу тәртібі туралы хабарлайды.

8. Қазақстан Республикасының Қорғау федералды қызметінің қызметкерлері, өздерінің қызметтік міндеттемелерін орындау барысында тиісті іссапарлық ұйғарымдарға ие Қазақстан Республикасының Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік фельдъегерлік қызметі, тиісті іссапарлық ұйғарымдар мен айдап жүрілетін тұлғаларға сүйемелдеу жасайтын әскери қызметкерлер мен басқа әскериленген ұйымдардың қызметкерлеріне ұшу барысында уақытша сақтау үшін қару берілмейді.

9. Қаруды тасымалдау ораған күйінде, әуе кемесінің багажға арналған немесе жүктерге арналған оқшауланған бөлімшесінде болуы тиіс жабылатын және жапсырылатын металдан жасалған жәшіктің ішіне салына отырып жүзеге асырылады.

10. Көлемі бөлшектенген күйде металдан жасалған жабылатын жәшіктерге орналастыруға мүмкіндік бермейтін ұзын дінгекті қаруды тасымалдау АҚҚ мөрі қойылып (арнайы ыдыста, құты, кейс, қаптамада), авиациялық қауіпсіздік талаптарына жауап беретін жолаушының қорабында оқшауланған багажда немесе жүк бөлімшелерінде жүзеге асырылады.

11. Жеткізу әуежайында жолаушыға қаруды беру авиациялық қауіпсіздік қызметінің қызметкерлерінің тарапынан жолаушы-қарудың иесі актінің үшінші данасын, оның жеке тұлғасын куәландыратын құжатты, қаруды ұстау мен сақтау құқығын беретін құжатты, ал қажет болған жағдайларда – Қазақстан Республикасының аумағына кіргізу/аумағынан шығару үшін тиісті рұқсатын ұсынған жағдайда жүзеге асырылады.

12. Жеткізу әуежайында жолаушының талап етпеген қаруы авиациялық қауіпсіздік қызметінің қызметкерінің тарапынан ішкі істер органдарына тапсырылады.

### **6.11. Багаждың құндылығын мәлімдеу**

1. Жолаушы багажды мәлімденген құндылықпен тасымалдауға тапсыруы мүмкін. Багаждың мәлімденген құндылығы багаждың нақты құнынан асып кетпеуі тиіс. Жолаушы тасымалдауға тапсырылған багаждың құндылығын мәлімдеген жағдайда, Тасымалдаушы жолаушыдан багаждың ішіндегісін тексеруге ұсынуды талап етуге құқығы бар және мәлімденген құндылық сомасының багаждың ішіндегісімен нақты сәйкес келмеуі орын алған жағдайда, оның нақты құндылығын белгілеуге немесе мәлімденген құндылыққа ие багажды тасымалдауға қабылдаудан бас тартуға құқығы бар.

2. Жолаушы жөнелту орнында өзінің тіркелген багажының құндылығын мәлімдеуге құқығы бар. Тіркелген багаждың құндылығы багаждың әрбір орны жеке мәлімденуі мүмкін.

3. Тіркелген багаждың мәлімденген құны үшін алынатын алым мәлімденген құндылықтың сомасының **10 (он)** пайызын құрайды және жөнелту орнында төленеді.

4. Құны мәлімденген багаж ретінде тасымалдауға қабылданған барлық заттар ішіндегісіне кіруді шектейтін жарамды қорапта болуы тиіс.

### **6.12. Багаждың қорабы**

1. Тіркелген багаждың әрбір орны тасымалдау және өңдеу кезінде оның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және жолаушыларға, экипаж мүшелеріне, үшінші тұлғаларға зиян келтіру, әуе кемесіне зақым келтіру, басқа жолаушылардың багажына немесе басқа мүлкіне зақым келтіруді шектейтін жарамды қорапта болуы тиіс.

2. Талаптарға сәйкес келмейтін багаж тасымалдауға жіберілмейді.

**3. Жекелеген қораптары бар екі немесе одан көп заттарды бір орынға біріктіруге жол берілмейді.**

4. Қорабында өткір, шығыңқы заттары бар багажды, сонымен қатар жарамсыз қораптағы багажды тасымалдауға жол берілмейді.

5. Сыртқы зақымдануға ие, тасымалдау және өңдеу барысында оның қауіпсіздігіне әсер етпейтін және жолаушыларға, экипаждың мүшелеріне, үшінші тұлғаларға зиян келтірмеуі мүмкін, әуе кемесіне, басқа жолаушылардың багажына немесе басқа мүлкіне зақым келтіре алмайтын багаж Тасымалдаушының келісімімен тіркелген багаж ретінде тасымалдауға қабылдануы мүмкін. Сонымен бірге зақымдалудың орын алуы мен түрі жолаушының қолымен куәландырылады.

6. Егер багаж кәдімгі қолдану жағдайларында оның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қорапқа орналастырылмаған болса, Тасымалдаушы жолаушыға тіркелген ретінде багажды қабылдаудан бас тартуға құқығы бар.

### **6.13. Багажды беру**

1. Тасымалдаушы жеткізу әуежайындағы тіркелген багажды беру орны туралы, тоқтату немесе трансфер туралы, сонымен қатар багажды жеткізудегі кез келген кешіктіру себебі мен реттілігі туралы жолаушыларға хабарлауды қамтамасыз етуге және жолаушыларға багажды беруді қамтамасыз етуге міндетті.

2. Жолаушы багаж үбіртегі мен багаж белгісінің үзілмелі талонының негізінде жөнелту орнында, жолда тарту немесе трансферде Тасымалдаушының тар апынан беруге ұсынғаннан кейін өзінің тіркелген багажын алуға міндетті.

3. Багажды беру тасымалдау үшін багаж қабылданған әуежайда жүзеге асырылады. Алайда, жолаушының өтініші бойынша, егер багажды келесі орындарда мемлекеттік органдардың ережелерімен тыйым салынбаған болса және егер уақыт пен жағдайлар беруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін болса, багаж сонымен бірге жөнелту орнында немесе аралық отырғызу орнында берілуі мүмкін. Багажды осындай жөнелту орнында немесе аралық отырғызу орнында беру кезінде, осы багажды тасымалдаумен байланысты Тасымалдаушы бұрын төленген барлық сомалар қайтарылуға жатпайды.

4. Егер багажды алуға үміткер тұлға багаж түбіртегін және багаж белгісінің үзілмелі талонын ұсына алмаған болса, Тасымалдаушы осындай тұлғаға ол өзінің жеке тұлғасын куәландыратын құжаттарды және өзінің осы багажға деген құқығына жеткілікті дәлелдемелерді ұсынған жағдайда, багажды бере алады. Міндетті тәртіппен осындай багажды беру туралы акт жасалады.

#### **6.14. Багажды сақтау мен жүзеге асыру**

1. Багаждық белгісі жоқ және оның иесі бекітілмеген жолаушының багажы құжатсыз багаж болып есептеледі.

Сұрауы жоқ багаж – багаж белгісінде көрсетілген жөнелту әуежайына (орнына) келген және жолаушының тарапынан алынбаған багаж;

2. Сұрауы жоқ багаж оны жеткізген күннен бастап алты айдың ішінде әуе компаниясында, әуежайда сақталады. Көрсетілген мерзім аяқталған кезде сұрауы жоқ багаж жойылады.

3. Сұрауы жоқ немесе құжаты жоқ багаждағы жылдам бұзылғыш өнімдер, егер олар бұзылып кеткен болса, жойылуға жатады. Оларды ары қарай сақтау мүмкінсіздігі мен жою дерегі актімен рәсімделеді.

4. Әуе кемесінің бортында жолаушының қалдырып немесе ұмытып кеткен қол жүгі құжаты жоқ және сұрауы жоқ багажды сақтау уақыты мен шарттарында жеткізу әуежайында сақталады.

#### **6.15. Қалдырылған, ұмытылған немесе жіберілген багаж**

1. Тасымалдаушы немесе Қызмет көрсетуші ұйым, егер жолаушы жеткізу орнына келгеннен, тоқтау немесе трансферден кейін өзінің багажын алмаса және багаждың келмеуі туралы багажды беру аймағынан шықпай жатып тиісті арызда жазбаша түрде мәлімдесе, багажға іздеу салу үшін барлық қажетті іс-шараларды қолдануы тиіс.

Багажды жеткізудегі кешіктірулер, оның жетіспеушілігі, зақымдалуы немесе жоғалуы орын алған жағдайларда, сонымен қатар багажды багаж түбіртегін және багаждың нөмір белгісінің үзілмелі талонын көрсетпестен багажды алу орын алған жағдайда, багажды алушы тұлға мен әуе компаниясы қол қоятын тасымалдау барысындағы оқиқықтар туралы акт жасалады.

Багажды жеткізу кезінде кешіктіру үшін әуе компаниясы багажды алушы тұлғаға әрбір кешіктірген тәулік үшін әуе билетінің құнының 10%-ы мөлшерінде, алайда әуе билетінің құнының 50%-ынан аспайтын мөлшерде багажды алушы тұлғаға айыппұл төлейді.

2. Егер тіркелген багаж табылатын болса, онда Тасымалдаушы тіркелген багаждың иесіне хабарлама беруді және Жолаушының көрсеткен әуежайына (орнына) жеткізуді және жолаушының өтініші бойынша қосымша төлемді өндіріп алмастан оның көрсеткен мекен-жайы бойынша жеткізуді қамтамасыз етеді.

#### **6.16. Тасымалдаушының багаждың, жүктің және жолаушының қолындағы заттардың зақымдалуы (бүлінуі) мен (немесе) жетіспеуі үшін жауапкершілігі**

Тіркелген багаждың, жүктің жоғалуы, жетіспеушілігі және (немесе) зақымдалуы үшін Тасымалдаушы, егер жүктің немесе багаждың жоғалуы, жетіспеуі немесе зақымдалуы (бүлінуі) оның кінәсінен орын алмағанын дәлелдей алмайтын болса, Тасымалдаушы келесі өлшемдерде төмендегілер үшін келтірілген зиянның орнын толтырады:

1) құны мәлімденбестен тасымалдауға қабылданған багажды, жүкті жоғалту немесе оның жетіспеушілігі - әуемен тасымалдауға қабылданған багаждың, жүктің жоғалуы немесе жетіспеушілігі үшін (1 кг үшін 20 АҚШ доллары мөлшерінде)

2) мәлімденген құнды тасымалдауға қабылданған багажды, жүкті жоғалту немесе жетіспеушілігі үшін – мәлімденген құн мөлшерінде;

3) багажды, жүкті зақымдау үшін – багаждың, жүктің құны төмендетілген соманың мөлшерінде, ал зақымдалмаған жүктің немесе багажды қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайда – оның құны мөлшерінде.

Жолаушының қолындағы заттардың жоғалғаны, жетіспеушілігі және (немесе) зақымдалуы (бүлінуі) үшін тасымалдаушы, егер жолаушы зиянның тасымалдаушының кінәсінен келтірілгендігін дәлелдеген жағдайда, заттардың құны н төмендеген сома мөлшерінде өндіріп алады.

Халықаралық ұшуларды орындау барысында тіркелген багажды жүктің, жолаушының заттардың жоғалуы, жетіспеуі және (немесе) зақымдалуы (бүлінуі) үшін тасымалдаушының жауапкершілігі Қазақстан Республикасында бекітілген халықаралық келісімшарттарға сәйкес анықталады.

Багаждың, жүктің бөлігінің немесе оның құрамына кіретін қандай да бір заттың жоғалуы, жетіспеушілі және (немесе) зақымдалуы (бүлінуі) дәл сол багаж түбіртегіне немесе жүкқұжат багажына немесе жүкке жазылған құнға әсер ететін болса, өндіріп алу мөлшерін бекіту кезінде, осы бүкіл багаж және (немесе) жүктің жалпы құны есепке алынуы тиіс.

Тасымалдаушы жүкті немесе багажды жоғалтудан, жетіспеуінен немесе зақымдалуынан (бүлінуінен) туындаған бекітілген зиянның орнын толтырумен қатар жөнелтушіге (алушыға), егер осы төлем жүктің құнына кірмейтін болса, жоғалған, жетіспейтін, бүлінген немесе зақымдалған жүктің немесе багаждың тасымалдануы үшін өндірілген тасымалдау төлемін қайтарады.

#### **6.17. Тасымалдаушының пошталық жөнелтілімдерді жоғалтуы, жетіспеушілігі және (немесе) зақымдалуы мен кешіктірілуі үшін жауапкершілігі**

Тасымалдаушы пошта ұйымдарының алдында тасымалдаушының кінәсінен пошталық жөнелтілімдердің жоғалуы, жетіспеушілігі немесе зақымдалуы үшін байланыс мекемелері жөнелтушілердің немесе адресаттардың алдында жауапкершілікті мойнына алатын мөлшерде материалдық жауапкершілікті мойнына алады.

### **7 Тарау. Қосымша ақпарат**

#### **7.1. Жолаушыларға әуе кемесінің бортында қызмет көрсету**

1. Тасымалдаушы әуе кемесінің бортында алғашқы медициналық жәрдем көрсету және азаматтық авиацияның әрекет ететін нормалары мен ережелеріне өйкес ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді қоса алғанда, жолаушыларға қызмет көрсетуді қамтама сыз ету үшін саны бойынша жеткілікті дайындықтан өткен қызметкерлері болуы тиіс.

2. Әуе кемесінің бортында тасымалдаушы төмендегілерді қамтамасыз етуі тиіс:

- жолаушыларға ұшу шарттары мен әуе кемесінің бортында өзін қалай ұстау туралы ережелер туралы хабарлау;

- жолаушыларға негізгі және қосымша шығу есіктерінің орналасуы туралы, сонымен қатар апаттық жағдайларда әуе кемесінен шығып кету шарттары туралы хабарландыру;

- жолаушыларға әуе кемесінің салонындағы жеке қорғаныс құралдары мен үрлемелі траптардың орналасу орындары туралы хабарландыру;

- салқындатқыш және/немесе ыстық сусындар мен тағамдарды ұсыну;

- алғашқы медициналық көмек көрсету;

3. Тасымалдаушы әуе кемесінің бортында жолаушыға әуе кемесінің түрі мен жабдықтарына, оның ұшу ұзақтылығына, ұшу орын алатын әуеліктің мезгіліне байланысты, сонымен қатар тасымалдау құжатында көрсетілген қызмет көрсету санатына байланысты қызметтер кешенін ұсынады. Тасымалдаушы жолаушыға келесі қызметтерді көрсетеді:

1) ақпараттық-анықтамалық қызмет;

2) жеке қызмет көрсету;

3) медициналық қызмет көрсету;  
4) жолаушыларға ұшу барысында жұмсақ мүлікпен және ыңғайлылық құралдарымен қызмет көрсету;

5) сусындармен және/немесе тағаммен қызмет көрсету;

6) дүркіндік басылыммен қызмет көрсету.

4. Көлденең ұшу кезінде әуе кемесінің бортында жолаушыларға ақысыз түрде қызмет көрсету санатына, әуе кемесінің түріне және ұшу ұзақтылығы мен тәулік мезгілін есепке ала отырып, тағам ұсынылады. Тасымалдаушы ұшу қауіпсіздігінің нормаларына сәйкес, ыстық тамақпен жолаушыларға қызмет көрсету үшін қажетті мамандандырылған жабдықтың бортына әуе кемесінің түрі пайдалануға мүмкіндік бермейтін әуе кемелерінде тәулік мерзіміне қарамастан және ұшу ұзақтылығына қарамастан, жолаушыларға «салқын тағам» ас үлесімен қызмет көрсетуді өз мойнына алады.

**5. Әуе кемесінің бортында темекі тартуға қатаң тыйым салынады. Әуежайдың аумағында темекі тарту тек осы мақсаттарға арнайы белгіленген орындарда ғана рұқсат берілген.**

6. Жолаушылардың әуе компаниясының әуе кемесінің бортында болған кезде төмендегілерге құқығы бар:

1. әуемен тасымалдау келісімшартында қарастырылған барлық қызметтердің көрсетілуін талап ету;

2. егер олардың өміріне, денсаулығына, намысы мен адамгершілігіне қауіп төніп тұратын болса – әуе компаниясының қызметкерлеріне хабарласып, олардан қорғаныс көрсетуді талап ету.

Жолаушылардың әуе компаниясының әуе кемесінің бортында болған кезде төмендегілерге міндетті:

1. әуе кемесі командирінің талаптарын және экипаждың басқа мүшелерінің ұсыныстарын сөзсіз орындау;

2. қол жүгі мен жеке заттарды арнайы осы мақсаттар үшін белгіленген орындарға орналастыру;

3. тану белдіктерін «Белдікті тағу» тақтайшасы қосұлы кезде танулы күйінде ұстау (тану белдіктерін бүкіл ұшу уақытында таңылған күйінде қалдыру ұсынылады);

4. қоғамдық орындарда ортақ қабылданған өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау.

Жолаушыларға әуе компаниясының әуе кемесінің бортында болған кезде төмендегілерге тыйым салынады:

1. басқа жолаушылардың және авиациялық қызметкерлердің ұшу қауіпсіздігіне немесе өміріне, денсаулығына, ар-намысы мен адамгершілігіне қауіп төндіретін жағдайлар түзу – оларға қатысты кез келген сөзбен жәбір көрсетуге, физикалық зорлық-зомбылыққа жол беруге;

2. әуе компаниясының бортта ұсынатынынан бөлек, алкоголь сусындарын тұтыну;

3. жол бойы темекі тарту;

4. экипаждың тиісті нұсқауларынсыз апаттық-құтқару жабдығын пайдалану;

5. жол бойында ұшу барысында радиотелефондарды, радиокабылдағыштарды, радиотаратқыштарды, теледидарларды, қашықтықтан басқарылатын ойыншықтарды, сымсыз желі қондырғыларын (радиотелефондар – олардың бағажда немесе қол жүгінде орналасқандығына қарамастан) пайдалану;

6. меңгерікті бақару, биіктікке қарай шарықтап ұшу, төмендеу және ұшақты қондыру кезінде ықшам компьютерлерді, жылжымалы компьютерлік принтерлерді, бейнекамераларды, кинокамераларды, дыбыс шығаратын қондырғыларды (магнитофондар, компакт-дискілерді және таспаларды ойнатқыштар және басқа лазерлі аспаптар), фотоаппараттар, фотокамералар, электронды ойыншықтар, электрлі ұстаралар, құрылымында жарық диодтары пайдаланылатын аспаптарды пайдалану.

7. басқа жолаушыларға ыңғайсыздық тудыратын жағдайларды және экипаж мүшелерінің жұмысына кедергі жасау;

8. әуе компаниясына тиесілі мүлікті бұзу және (немесе) оны ұшақтың бортынан шығару.

9. жердің үстінде, биіктікке көтерілу және түсу кезінде «Белдіктеріңізді тағыңыз» тақтайшасы жанып тұрған кезде, орнынан тұруға және салонның ішінде қозғалуға.

Аталған Ережелерді бұзғаны үшін жолаушылардың жауапкершілігі төмендегілерді қарастырады:

1. Қазақстан Республикасының ішкі әуе желілерінде – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес;

2. халықаралық әуе желілерінде – халықаралық әуе құқықтарының талаптарына әйкес (атап айтқанда, – Токиода 1963 жылы қол қойылған және 166 елде бекітілген «Әуе кемесінің бортында орындалған қылмыстар мен кейбір басқа әрекеттер туралы» халықаралық конвенциясы)

## 7.2. Жолаушыларды тіркеу және ұшудың алдында багажды рәсімдеу

1. Билеті бар жолаушы ~~ж~~нелту әуежайында немесе Тасымалдаушының бекіткен басқа орнында тіркеу әрiмдерiнен өтуге және багажды рәсімдеуi, сонымен қатар авиациялық қауiпсiздiк бақылауынан өтуге тиiс. Халықаралық бағыт бойынша тасымалдау кезiнде жолаушы кедендiк, шекаралық қажет болған жағдайда, санитарлық-карантиндiк, иммиграциялық, ветеринарлық, фитосанитариялық және басқа бақылау түрлерiнен де өтуi тиiс.

2. Жолаушы алдын-ала Билеттi тіркеу және багажды рәсімдеу орнына белгiленген ұшу алдындағы рәсімдерден (тіркеу әрiмдерi, нормадан тыс багажды төлеу, тексеру, кедендiк, шекаралық және басқа рәсімдерден өту, шығу және кiру құжаттарын рәсімдеу) өту үшін, сонымен қатар әуе кемесiнiң бортына багажды отырғызу және тиеу үшін алдын-ала келуi тиiс. «SCAT» әуе компаниясының рейстерiне әуежайда тіркеу рейстiң ұшу уақытына дейiн 40 минут уақыт қалғанда аяқталады. Қалалық терминалда тіркеудiң басталу және аяқталу уақыты жеке бекiтiледi және Билеттердi рәсімдеу кезiнде Жолаушыға хабарланады. Қалалық терминалда тіркеудiң аяқталу уақыты әуе кемесiне отырғызу үшін ұшу әуежайына жолаушы мен багажды жеткiзу үшін қажеттi уақытты есепке ала отырып бекiтiледi. Әуе кемесiне отырғызуды аяқтау уақыты оның мүмкiндiктерiне байланысты әрбiр әуежайда белгiленедi де, тіркеу кезiнде жолаушыға хабарланады.

3. Ұшу қауiпсiздiгiн қамтамасыз ету мақсатында, жолаушылар, багаж, оның iшiнде жолаушының қолындағы заттар мен жүк мiндеттi ұшу алдындағы тексеруден өтедi, ал қажет болған жағдайда – ұшудан кейiнгi тексеруден өтедi.

Жолаушыларға, багажға, оның iшiнде жолаушылардың қолындағы заттарды ұшу алдындағы және ұшудан кейiнгi тексерулер авиациялық қауiпсiздiк қызметiнiң өкiлеттi тұлғаларының тарапынан әуежайда және ұшу алдындағы ұшудан кейiнгi тексерудi жүргiзуге қатысатын көлiкте iшкi iстер органдарының қызметкерлерiнiң тарапынан жүзеге асырылады.

Мүгедек жолаушылар (балдақпен жүретiн, мүгедек арбаларда, зембiлдерде, жүрек қызметiн ынталандыратын жолаушыларға) қолмен тексеруге жатады, ал оларды үйемелдеушi тұлғалар жалпы негiзде тексерулерден өтедi.

Әуе кемелерiмен ұшуларды орындау кезiнде ұшу алдындағы тексеру шаралары жолаушыларды тіркеуден, шекаралық, кедендiк, санитарлық -карантиндiк, иммиграциялық, мал дәрiгерлiк, фитосанитариялық және басқа бақылау түрлерiнен өткеннен кейiн жүзеге асырылады. Жолаушы тексеруден өтуден бас тартқан жағдайда, Тасымалдаушы бiр тараптық тәртiппен Тасымалдаушының аталған ережелерiне және Тасымалдаушының тарифтерiн қолдану ережелерiне сәйкес тасымалдау үшін төлемдi өндiре отырып әуемен тасымалдау келiсiмшартын бұзуға құқығы бар.

4. Жолаушы багажды тіркеу мен рәсімдеу үрділерінен өту үшін, оның жеке тұлғасын куәландыратын құжатты ұсынуы тиіс.

Жолаушының жеке тұлғасын куәландыратын құжаттар ретінде төмендегілер болады:

- ҚР азаматының төлқұжаты;
- ҚР шетелдік төлқұжаты, жалпы азаматтық шетелдік төлқұжат, дипломатиялық төлқұжат, қызметтік төлқұжат;
- шетелдік азаматтың ұлттық төлқұжаты;
- азаматтығы жоқ тұлғалар үшін ҚР тұру рұқсаты;
- 16 жасқа дейінгі ҚР азаматтары үшін туу туралы куәлік;
- ҚР азаматының уақытша жеке куәлігі;
- жолаушы азаматы болып есептелетін елге қайтару туралы куәлік;
- шақыру бойынша немесе қызметтен өту туралы белгіні қоя отырып, келісімшарт бойынша қызметтен өтіп жатқан ҚР әскери қызметкерінің әскери билеті;
- азаматтығы жоқ тұлғалардың, босқындардың жол жүру құжаты;
- қызметтік іссапарлар үшін халықаралық рұқсат қағазы;
- бас бостандығынан айыру орындарынан босаған тұлғалар үшін бас бостандығынан айыру орындарынан босату туралы анықтама;

- бас бостандығынан айыру орындарының аумағынан тыс жерлер де ұзақ мерзімді немесе қысқа мерзімді шығу үшін рұқсат алған сотталған тұлғаға берілетін куәлік.

Сонымен қатар, егер осы қажет болса, Жолаушының қолында осы Жолаушының және оның багажының ерекше тасымалдау шарттарын куәландыратын құжаттары болуы тиіс (балаға берілген сенім хат, медициналық қорытынды, мал дәрігерлік сертификат және т.б.).

5. Тіркеу кезінде жолаушыға отырғызу талоны беріледі. Аталған талонда жолаушының тегі мен аты және әкесінің атының бас әріптері, рейстің нөмірі, жөнелту уақыты, рейске отырғызудың аяқталу уақыты мен әуе кемесінің бортына отырғызатын орынның нөмірі көрсетілетін отырғызу талоны беріледі. Қажет болған жағдайда, отырғызу талонында қосымша түрде басқа мәлімет көрсетілуі мүмкін.

6. Жолаушыны әуе кемесінің бортына отырғызу жолаушының тиісті рейске отырғызу талонын көрсетуі кезінде жүзеге асырылады.

7. Халықаралық тасымалдаулар кезінде, жолаушы белгіленген тәртіп бойынша рәсімделген шығу, кіру және тасымалдау жүзеге асырылатын елдің аумағынан немесе сол елдің аумағы арқылы сол елдің заңнамасына сәйкес талап етілетін басқа құжаттарды қолында ұстауы тиіс.

8. Тіркеу немесе әуе кемесіне отырғызу аяқталған уақытқа кешігіп келген жолаушы осы рейспен тасымалдауға жіберілмейді.

9. Егер басқаша жағдай шығу, трансфер жасау, тоқтау немесе кіретін елдің халықаралық немесе ұлттық заңнамалық құжаттарында қарастырылмаған болса, Тасымалдаушы Жолаушының мемлекеттік қызметкерлермен (кедендік, шекаралық, иммиграциялық және т.б.) өзара қатынасына қатысты мәселелер үшін жауапкершілікті мойнына алмайды. Дегенмен, Тасымалдаушы Жолаушыны және оның багажын тасымалдау үшін қабылдау мезетіне дейін тіркеу барысында барлық қажетті құжаттарды тексеру құқығына ие.

## **8 Тарау. Жүктерді тасымалдау тәртібі**

1. Жүкқұжат әуе компаниясы мен жөнелтушінің арасында жүкті әуемен тасымалдау келісімшартын жасасуды әуе компаниясының тарапынан жүкті тасымалдау және қабылдау шарттарын куәландыратын құжат болып есептеледі.

2. Жүкқұжат жөнелтушінің тарапынан жасалып қол қойылады да, жүкпен бірге әуе компаниясына тапсырылады.

3. Тарифтер мен алымдарға қатысты жүкқұжатқа мәліметтерді енгізу әуе компаниясының тарапынан жүзеге асырылады.

4. Әуе компаниясы жөнелтушіден немесе оның өкілеттік берген тұлғасынан, егер жөнелтім бір орыннан көп орынды қамтитын жағдайда, қосымша жүкқұжаттарды толтыруды талап етеді.

5. Жөнелтушінің өтініші бойынша, әуе компаниясы өз бетінше жүкқұжатты толтырады.

6. Жүктің салмағы, көлемі мен қорабы туралы, сонымен қатар орындардың саны туралы жүкқұжаттың мәліметтері, егер әуе компаниясы басқаша жағдайды дәлелдемейтін болса, нақты ретінде есептеледі. Жүктің саны, көлемі мен жағдайы туралы мәліметтер, егер әуе компаниясы жөнелтушінің қатысуымен бұл жөнінде жүкқұжатта көрсете отырып оларды тексерген болса немесе егер атаған мәліметтер жүктің сыртқы көрінісіне қатысты болса ғана нақты ретінде есептеледі.

7. Егер жүктің сыртқы көрінісі, қорабы, жағдайы қанағаттанарлықтай болмаса, жөнелтуші жүкқұжатқа оның нақты сыртқы көрінісі мен жағдайын көрсетеді. Егер тасымалдау үшін тапсырылған жүк ерекше қасиеттерге ие болса немесе ерекше тасымалдау шарттары қажет етсе, жөнелтуші жүкқұжатта бұл жөнінде дерек көрсетеді. Алайда егер жөнелтуші аталған нұсқауларды жасамайтын болса, әуе компаниясы жүкқұжатқа жүктің нақты көрінісі мен жағдайы туралы, оның ерекше қасиеттері мен тасымалдау шарттары туралы белгіні жасауы немесе өзінің қолымен немесе бұрыштамасымен осындай түзетуді куәландыра отырып, бұрын жасалған белгіні нақтылай алады.

8. Жөнелтуші әуе компаниясының алдында жүкқұжатта көрсетілген мәліметтердің толықтығы, дәлдігі үшін, сонымен қатар жүкқұжат әуе компаниясының тарапынан жөнелтушінің өтініші бойынша толтырылған кездегі жағдайларда жауапкершілікті мойнына алады.

9. Жөнелтуші көлік құжаттарында көрсетілген мәліметтердің дұрыс еместігі, нақты еместігі немесе толық еместігінің нәтижесінде әуе компаниясына келтірілген шығынды өндіріп береді.

10. Жүкқұжаттың болмауы, дұрыс еместігі немесе жоғалуы тасымалдау келісімшартының не болуына, не жарамдылығына әсер етпейді.

11. Егер жүкқұжатта не әуе компаниясының тарапынан не оның агентінің тарапынан енгізілген түзетулер немесе өзгерістер болған жағдайда, ол жарамсыз деп есептеледі.

12. Жүктің көлемін брондау жүкті тасымалдаудың қажетті шарты болып есептеледі.

13. Жүкті тасымалдау үшін жүктің көлемін алдын-ала брондау жүргізіледі. Алдын-ала брондаусыз әуе компаниясымен келісе отырып салмағы немесе көлемі бойынша тасымалдау үшін белгілі бір бағыттар бойынша жүк қабылдануы мүмкін.

14. Жүктің көлемін брондау жүктің көлемі брондалған рейспен және сол күні ғана және брондау барысында әуе компаниясы мен жөнелтушінің тарапынан келісілген орындардың арасында ғана жүкті тасымалдауға құқық береді. Әуе компаниясы жөнелтушіге жүкқұжатты бергенге дейін жүктің көлемін брондау алдын-ала ретінде есептеледі.

15. Жүктің көлемін брондау үшін жөнелтушінің өтінішінде келесі мәліметтер қамтылады:

- 1) жүктің атауы, орындардың саны, жалпы салмағы мен көлемі;
- 2) әрбір орынның көлемі;
- 3) жөнелту бағыты, рейсі мен күні;
- 4) тасымалдау көлеміне кепілдік беретін құжаттың атауы және нөмірі;
- 5) тасымалдау және сақтау кезінде арнайы шарттар мен сақтық шараларын талап ететін жүктің ерекше қасиеттері.

16. Егер жөнелтушінің сұрап отырған бағыты әуе компаниясы үшін жарамсыз болған жағдайда, әуе компаниясы жөнелтушінің келісімімен өзінің пайымдауы бойынша бағытты таңдап алады.

17. Жүктің көлемін брондау үшін өтінім әуе компаниясының тарапынан жөнелтушінің немесе жасалған брон туралы өтінімді ұсынған әуе компаниясының тарапынан хабар қағазды берген мезеттен бастап әуе компаниясының тарапынан қабылданған болып есептеледі.

18. Белгілі бір рейске брондау жарамсыз болып есептеледі, егер:

- 1) жөнелтуші әуе компаниясының актілерінде қарастырылған мерзімнің ішінде алдын-ала берілетін ақшаны сомамен төлемеген болса;
- 2) жөнелтушіге жүкті тасымалдау үшін жүкқұжат берілмеген болса.

19. Егер жөнелтуші дәл уақытында жүкті жеткізбеген болса немесе оны дұрыс толтырылмаған құжаттармен бірге жеткізген болса немесе жүкті жөнелтуге дайындамаған болса, онда әуе компаниясы осы үшін бұрын жасалған бронды әуежайдан алып тастай алады.

20. Жүкті жеткізу мерзімі өтіп кеткен жағдайда, әуе компаниясы алушыға әрбір кешіктіру тәулігі үшін тасымалдауға 5% мөлшерінде, алайда тасымалдау үшін төлемнің 50%-ынан аспайтын айыппұлды алушыға төлейді.

21. Алғашқы брондауға қатысты байланыс үшін шығындарды есепке алмағанда, жүкті тасымалдау мен брондау қатысты жөнелтушінің өтініші бойынша әуе компаниясының тарапынан ұсынылған байланыс үшін шығындар жөнелтушінің тарапынан төленеді.

22. Жүк келесі жағдайларда әуемен тасымалдауға қабылданады:

- 1) жүкті әкелу, әкету немесе транзитпен тасымалдау – тасымалдау жүзеге асырылатын елдің аумағынан немесе аумағы арқылы сол елдің нормативті құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады;
- 2) жүктің габариттері оның еркін тиелуі мен түсірілуін, әуе кемелерінде багаж және жүк бөлімшелерінде орналастыру мен оны бекітуді қамтамасыз етеді;
- 3) рейстік жолаушылар тасымалдайтын әуе кемелерімен тасымалдау кезінде жүктің салмағы мен габариті әуе компаниясының ережелерімен белгіленген шектен асып кетпейді;
- 4) жүкке сүйемелдеу құжаттары қосымша ретінде беріледі;
- 5) жүк әуе кемесіндегі адамдар мен мүлікке қауіп тудырмайды және өзінің қасиеті бойынша жолаушылар үшін қолайсыздықтар тудырмайды.

23. Салмағы мен габариттері бойынша белгіленген шектерден асып кететін жүк тек әуе компаниясының тарапынан ғана тасымалдауға қабылдануы мүмкін.

24. Жүкті орау кезінде кәдімгі қолдану жағдайлары кезінде тасымалдау барысында оның қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі үшін, сонымен қатар тұлғаларға зиян келтіру немесе әуе компаниясының басқа жүгіне немесе мүлкіне зақым келтіру мүмкіндігі шектелетіндей ерекше қасиеттер есепке алынады.

25. Құны мәлімденіп тасымалдауға берілген ыдыс немесе орын қораптары жөнелтушінің тарапынан пломбаланады.

Пломбалар стандартты болуы, сандық және әріптік белгілердің анық таңбаларына ие болуы тиіс. Жүкқұжатта жүкке жасалған пломбалау туралы белгі жасалады және жөнелтуші пломбалардың атауы көрсетіледі.

26. Тасымалданатын жүктің әрбір орны жөнелтушілік және тасымалдаушылық таңбалауға және/немесе жүкті тасымалдаудың арнайы шарттарын бейнелейтін арнайы таңбалауға ие болуы тиіс.

Таңбалау Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ХААҰ) және Халықаралық әуе транспорты қауымдастығының (ХӘКК) стандарттарының негізінде жасалған әуе компаниясының ережелеріне сәйкес орындалады және төмендегі мәліметтерді қамтуы тиіс:

жеткізу және жөнелту әуежайларының атауы;  
алушы мен жөнелтушінің нақты мекен-жайлары;  
әрбір орынның жалпы салмағы.

27. Жөнелтуші жүкті тасымалдау үшін қабылдау шарттарының сақталмауы үшін жауапкершілікті мойнына алады. Жөнелтуші әуе компаниясын жүкті әуемен тасымалдау келісімшартынан келіп туындайтын барлық міндеттемелерден және тиісті елдерде әрекет ететін заңдар мен ережелерге сәйкес тасымалдауға тыйым салынатын заттарды жөнелтушінің тарапынан жөнелтуге қамтудың нәтижесінде немесе таңбалауға, салмаққа, орындардың санына, мекен-жайына, жүктің сипаттамасына немесе қораптың сапасына қатысты мәліметтердің болмауының, жетіспеушілігінің немесе дұрыс еместігінің нәтижесінде, сонымен қатар кедендік рұқсаттардың және басқа талап етілетін құжаттардың болмауының, кешігуінің немесе дұрыс еместігінің себебінен туындауы мүмкін шығындардан босатады.

28. Әуе компаниясы, егер жүк аталған Ережелердің 95 тармағында мазмұндалған талаптарға сәйкес келмейтін болса, тасымалдауға қабылдаудан бас тартады.

29. Трансферлік жүкті тасымалдау бүкіл тасымалдау бағыты бойынша жүктің көлемінің расталған бронын алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

30. Трансферлік жүк бір рейстен екінші рейске жүкті беру бойынша үрділерді орындау үшін жеткілікті болып есептелетін мерзімнің ішінде трансфер әуежайына келеді.

31. Қазақстан Республикасының әуежайлары арқылы, халықаралық ұшулар үшін ашық, ішкі әуежайларға бағытталатын трансферлік жүктің салмағы, габариті мен қасиеті ішкі желілерде пайдаланылатын, әуе компаниясының ережелеріне, трансфер әуежайларында оларды с ақтау шарттары мен мүмкіндіктеріне сәйкес келетін әуе кемелерінде оларды тасымалдау мүмкіндігіне сәйкес келуі тиіс.

32. Әуе компаниясы, егер басқаша жағдай жөнелтушімен немесе алушымен келісілмеген болса, жеткізу орнын өзгертпестен, жүкқұжатта көрсетілген жүкті тасымалдау бағытын өзгертеді.

33. Егер жүкті жөнелту тасымалдау басталғанға дейін немесе тасымалдау барысында қандай да бір орындау әуе компаниясына байланысты емес себептер бойынша кешіктірілетін болса, онда әуе компаниясы жөнелтушіге жүкқұжатта көрсетілген мекен-жай бойынша хабарлама береді, жүкті қоймаға орналастырады, жүкті кеден мекемесіне өткізеді, сонымен қатар алушының мекен-жайына кейіннен тасымалдау үшін жүкті басқа көлік түріне тапсырады.

34. Жөнелтуші жүкті әуемен тасымалдау келісімшартынан келіп туындайтын барлық міндеттемелерді орындаған және ережелерді сақтаған жағдайда, төмендегілерді жүзеге асыра алады:

- 1) жүкті жөнелту немесе жеткізу орнында қайта алу;
- 2) жүкті аралық орында ұстау;
- 3) көрсетілгенді алушының жүкқұжатына өзгерту;
- 4) жүкті жөнелту орнына қайтаруды талап ету.

35. Тасымалдауға билік ету тек әуе компаниясының жөнелтушіге берген жүкқұжатының данасы болған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Жүкке билік ету бойынша барлық нұсқаулар жазбаша түрде рәсімделеді.

Егер жүкке билік етудің нәтижесінде алушының атауы өзгеріп кететін болса, онда жаңа алушы ретінде жүкқұжатта атауы көрсетілген тұлға алушы ретінде есептеледі.

36. Тасымалдау келісімшартының кез келген өзгерістері жүкқұжатқа енгізіледі.

37. Егер тасымалдауға билік ету мүмкін болмаған жағдайда, әуе компаниясы осы үкімді орындаудан бас тартады, бұл жөнінде жөнелтушіге тез арада хабар беріледі.

38. Жүктің жеткізу орнына келу мезетінен бастап алушы әуе компаниясынан оған жүк пен жүкқұжатты беруін талап етеді.

39. Жүкке билік ету жүк жеткізу орнына келгеннен кейін тоқтатылады, ал алушы жүкті алады немесе жүктің жеткізілуін талап етеді немесе жүкті қабылдау туралы куәландыратын басқа іс-әрекеттерді орындайды.

40. Жүк жүкқұжатта көрсетілген алушыға немесе оның өкілетті тұлғасына беріледі.

41. Әуе компаниясы алушыға тек жүкті алуды растайтын құжат бойынша ғана және жүкқұжатта және аталған Ережелерде көрсетілген барлық шарттарды орындағаннан кейін ғана береді.

42. Жүкті алушы болмаған кезде мемлекеттік органға беру, егер әуе компаниясы жөнелтушіге немесе алушыға осындай жүкті беруді куәландыратын құжаттарды берген жағдайда, оны алушыға беру ретінде есептеледі.

43. Жүк ары қарай немесе қайта тасымалдауға тиесілі болған жағдайларды есепке алмағанда, жүкті жеткізу туралы хабарлама алушыға немесе жүкқұжаттың тиісті қатарында көрсетілген тұлғаға әуе кемесі келген мезеттен бастап 12 сағаттың ішінде, ал жылдам бұзылатын өнімдерге, қауіпті жүкке немесе жануарларға қатысты – 3 сағаттың ішінде жіберіледі.

Хабарлама пошта бойынша немесе басқа да байланыс құралдарымен жіберіледі.

Әуе компаниясы осы хабарламаны алмағаны немесе кешіктіргені үшін жауапкершілікті мойнына алмайды.

44. Егер жөнелтуші (алушы) мен әуе компаниясының арасында жүкті алушының мекен-жайына жүкті жеткізу туралы келісім болмаған жағдайда, алушы жеткізуәуежайынан жүкті алады.

45. Егер алушы жеткізу орнына келіп жеткеннен бастап тартатын немесе сол жүкті ала алмайтын болса, онда әуе компаниясы жүкқұжатта көрсетілген немесе алушыға жүкті беру мүмкінсіздігі туралы хабарламадан кейін одан алынған жөнелтушінің үкімдерін орындау үшін шараларды қолға алады. Егер осындай үкімдер болмаған жағдайда немесе орындалмайтын болса, әуе компаниясы:

1) жөнелтушіге алушының жүкті алмауы туралы хабарламаны жібереді де, жөнелтушінің ары қарайғы үкімдерін күтеді;

2) 30 күндік жүкті сақтау мерзімі өткеннен кейін, жөнелтушінің үкімдері болмаған жағдайда, жүк жөнелтушіге қайтарылады.

## **9 Тарау. 200 жүкті тасымалдау ережелері**

«SCAT» әуе компаниясы тек ерекше жағдайларда ғана әуе компаниясымен міндетті түрде келісе отырып жеке өтінім бойынша «200 жүгін» тасымалдауға жол береді. Осындай әуе тасымалдауы кезінде осыған байланысты белгіленген жүк тарифінен 1 кг үшін 2,5 коэффициентінен асатын теңгерім алынады.

**Әуе көлігімен жерлеу орнына тасымалдауды рәсімдеу кезіндегі сүйемелдеу құжаттарының тізімдері:**

- қайтыс болған тұлғаның жеке тұлғасын куәландыратын құжат (нотариалды үрде куәландырылған көшірме)

- өлім себебі туралы медициналық мекеменің қорытындысы

- жергілікті санитарлық-эпидемиологиялық бөлімшесінен тасымалдау үшін рұқсат-анықтама қағазы (өлім орны бойынша)

- бальзамдау туралы медициналық куәлік

- цинкпен жабылған табытты дәнекерлеу туралы және бөгде қоспалардың болмауы туралы акт (жергілікті атқару билігінің, милицияның өкілінің қолы)

**Қосымша:** Қайтыс болған тұлғаны әуе көлігімен тасымалдау кезінде, өлік цинкпен жабылған, ішіне ылғалды сіңіретін затпен толтырылған герметикалық дәнекерленген табытқа салынуы тиіс. Металдан жасаған табыт багаж бөлімшесінде тасымалдау үшін ағаштан жасалған берік қиыстырылған жәшікке орналастырылады. Ағаш жәшіктің өлшемдері мына көрсеткіштен аспауы тиіс: ені – 750 мм, биіктігі – 600 мм, ұзындығы – 1900 мм.

## **10 Тарау. Тасымалдаушының, жолаушының және жүк жөнелтушінің құқықтары**

### **10.1. Тасымалдаушының құқығы**

Тасымалдаушы ешқандай хабарлама берместен әуе кемесінің ұшу уақытын алып тастауға, кешіктіруге немесе басқа уақытқа ауыстыруға, кестемен (ұшу жоспарымен) қарастырылған тасымалдау бағытын өзгертуге, сонымен қатар отырғызу орнын өзгертуге, егер мұндай іс-әрекеттер ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қажетті болатын болса, сонымен қатар мемлекеттік органдардың өкілеттігіне сәйкес олардың талаптары бойынша өзгертуге құқығы бар.

2. Тасымалдаушы бір тараптық тәртіппен жолаушыны әуемен тасымалдау келісі мшартын тоқтатады, егер:

1) жолаушы әуе кемесінің ұшуы алдында, Қазақстан Республикасының 2010 жылдың 15 шілдедегі «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін және авиациясының қызметін пайдалану туралы» Заңының 107 бабында бекітілген тексеруден бас тартса;

2) жолаушы атаған Ережелердің талаптарын бұзса және (немесе) әуе кемесінің ұшу қауіпсіздігіне қауіп төндіретін іс-әрекеттерді орындаса;

3) егер жолаушы алкогольді, есірткілі, токсикоманиялық мастану күйінде болса және оның жаны немесе физикалық жағдайы жолаушының өзінің денсаулығына немесе әуе кемесінің бортындағы тұлғалар мен мүліктің қауіпсіздігіне қауіп төндіретін, сонымен қатар басқа жолаушыларға қолайсыздық тудыратын болса.

Жолаушының алкогольді, есірткілі, токсикоманиялық мастану күйі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен денсаулық сақтау саласында медициналық куәландырумен расталады.

Егер жолаушыға аталған Ережелердің 2.2 тармағында мазмұндалған себептер бойынша тасымалдаудан бас тартылған болса, онда оған пайдаланылмаған билет үшін сома немесе оның бөлігін тарифті қолдану шарттарын пайдалана отырып қайтарылады.

4) жолаушының қолындағы заттардың арасында, сонымен қатар әуемен тасымалдауға тыйым салынған нәрселер немесе заттардың багажда, жүкте орын алуы.

5) жолаушының, жүк иесінің, жүкті жөнелтушінің төлқұжаттық, кедендік, санитарлық және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптардың әуемен тасымалдауға қатысты бөлігінің, сонымен қатар мемлекеттің ұшуға, жеткізуге немесе транзитке қатысты тиісті органдарының ережелерінің бұзылуы;

6) әуе кемесінің жолаушысының өз багажының тасымалдауын төлеуінен бас тартуы; багаждың салмағы багажды асырған тасымалдаудың белгіленген нормасы мен міндетті төлемге тиесілі багажды тасымалдаудан асып түседі;

7) әуе кемесінің жолаушысының жеңілдікті тарифке сәйкес онымен бірге еріп жүрген баласын тасымалдауды төлеуден, оған жекелеген орынды ұсынбастан екі жастан жоғары емес жастағы баланы асырған тасымалдау жағдайларын есепке алмастан, бас тарту;

## **10.2. Жолаушы мен жүк жөнелтушінің құқықтары**

Жолаушының құқықтары мен міндеттері

1. Жолаушы төмендегілерге құқылы:

жолаушылар тасымалы үшін ашық кез келген әуе бағыты бойынша билетті сатып алу;

сатып алынған билетке сәйкес орынды алу;

белгіленген нормалардың шегінде ақысыз түрде кол жүгін және багажды тасымалдау;

аталған Заңмен және Қазақстан Республикасының басқа да заңдарымен қарастырылған қызметтер үшін тасымалдаушының кесірінен тасымалдау барысында үзілістер немесе кешіктіру кезінде, әуе кемесінің кешігіп келуінің нәтижесінде рейсті жою, тасымалдау бағытын өзгерту кезінде;

Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа құқықтарға.

2. Жолаушылар төмендегілерге міндетті:

әуе кемесінде жолаушыларды, багажды және жүкті тасымалдау Ережелерін сақтау және әуе кемесінің ұшу қауіпсіздігіне қауіп төндіретін іс-әрекеттерге жол бермеу;

өзінің қызметтік міндеттемелерін авиациялық қызметкерлердің орындауы барысында кедергілер келтірмеу;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да міндеттерді мойнына алу.

## 2. Жолаушымен әуемен тасымалдау келісімшартын бір тараптық тоқтату

Жолаушы бір тарапты тәртіппен әуемен тасымалдау келісімшартын ұзуға және Тасымалдаушыға осы жөнінде хабарлама бере отырып, бастапқы әуежайда, транзит әуежайында, трансфер әуежайында тасымалдаудан өз бетінше бас тартуға құқығы бар.

Тасымалдаудан ерікті түрде бас тарту кезінде әуе билетінің қайтарылуы Тасымалдаушының тарифін қолдану ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Жолаушының тасымалдаудан мәжбүрлі түрде бас тартуы кезінде Тасымалдаушы жолаушының тасымалдау құжатында жүрсетілген жеткізу тармағында орындалған ең жақын рейстердің бірі келісім берген кезде жолаушыны (жүкті) жіберуге немесе салықты алмастан пайдаланылатын телім үшін – тасымалдау құнын немесе тасымалдау құнының бөлігін жолаушыға қайтаруға міндетті.

## 11 Тарау. Тасымалдаушының рейсті кешіктіру, жою кезіндегі жауапкершілігі

Әуе компаниясының кінәсі бойынша тасымалдауда үзілістер орын алған жағдайда немесе әуе кемесінің кешігіп келуінің нәтижесінде рейсті кешіктіру, жою кезінде, тасымалдау бағытын өзгертуі кезінде әуе компаниясы жөнелту орындары мен аралық орындарда жолаушылар үшін келесі қызметтерді ұйымдастырады:

- 1) жеті жақса дейінгі баласы бар жолаушыға ана мен балаға арналған бөлмені ұсыну (болған жағдайда);
- 2) екі сағаттан астам уақыт бойы рейстің жөнелтілуін күту кезінде бес минуттан астам уақыт бойы екі телефон қоңырауы, халықаралық байланыс желілерін қоса алғанда, немесе электронды пошта бойынша екі хабарлама;
- 3) рейстің жөнелтілуін екі сағаттан астам уақыт бойы күту кезінде салқындататын сусындармен қамтамасыз ету;
- 4) төрт сағаттан астам уақыт бойы және одан да көп уақыт бойы рейстің жөнелтілуін күту кезінде ыстық тамақпен қамтамасыз ету:
  - әрбір алты сағат сайын – күндізгі уақытта;
  - әрбір сегіз сағат сайын – түнгі уақытта;
- 5) рейстің ұшуын күндізгі уақытта сегіз сағаттан астам уақыт бойы күту кезінде, түнгі уақытта алты сағаттан астам уақыт бойы, әуе компаниясының тарапынан ұсынылатын қонақ үйде орналастыру;
- б) әуе компаниясының тарапынан ұсынылатын көлікпен әуежайдан қонақүйге дейін және кейін қайтара қонақ үй үшін қосымша төлемді алмастан жеткізу.

Жолаушының өтінімі бойынша оған хат беріледі немесе әуе компаниясының арнайы тағайындалған лауазымды тұлғасымен тасымалдаудың кешіктірілу себептері туралы билетке белгі жасалады.

42. Әуе компаниясы оған көрсетілген қызметті ұсынудың нәтижесінде немесе онымен байланысты жолаушыға келтірілген зияндарды немесе шығындардың орнын толтырады.

43. Әуе компаниясының кінәсі бойынша жолаушыны тасымалдау барысында кешіктірулер орын алған кезде, әуе компаниясы жолаушыға әрбір кешіктірілген сағат үшін билеттің құнының (кешіктіру орын алған ұшу аймағында) 3% мөлшерінде айыппұл төлейді.

Өндірілген айыппұлдың сомасы сатып алынған билеттің құнынан асып кетпеуі тиіс (кешіктіру орын алған ұшу алаңында).

Егер әуе компаниясы кез келген өзінің рейсін алып тастаса, тоқтатса, кейінге қалдырса, орындалуын кешіктірсе, онда жолаушымен келісе отырып, әуе компаниясы осындай жолаушыны тасымалдауды басқа рейспен жүзеге асырады немесе оны басқа әуе компаниясына тасымалдау үшін береді немесе соманың қайтаруын жүзеге асырады және келісімшартты жасаумен келтірілген шығындарды жолаушыға өндіріп береді.

## 12 Тарау. Жер аударылған жолаушыларды және Қазақстан Республикасының аумағынан әкімшілік тәртіппен қуылған жолаушыларды тасымалдау

- 1) ҚР аумағына келушілерге, ҚР -дан кетушілерге немесе ҚР аумағына транзитпен/трансфермен отырғызуға келушілерге, сонымен қатар ҚР-на әкелінетін және ҚР-дан әкетілетін багаж бен жүкке төлқұжаттық, кедендік және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген басқа ережелердің әрекеті таратылады.
- 2) Шекаралық, кедендік, санитарлық-карантиндік, мал дәрігерлік, фитосанитарлық және басқа бақылау түрлерімен өту кезінде жолаушы мен жүк жөнелтуші (жүкті алушы) заңдар мен басқа нормативті құжаттарды сақтауға және авиа қиялық қауіпсіздікті, кедендік, санитарлық-карантиндік, иммиграциялық, мал дәрігерлік, фитосанитариялық, сонымен қатар валюталық және басқа бақылау түрлерінің қамтамасыз етілуі бойынша талаптарды орындауға қатысты жолаушыны, багажды және жүкті әуемен тасымалдау жүзеге асырылатын елдің аумағынан, елдің аумағы арқылы тиісті құзыретті мемлекеттік бақылау органдарының талаптарын орындауға міндетті.
- 3) Мемлекеттік бақылау органдары мен жолаушымен, жүкті жөнелтушімен (жүкті алушымен) арадағы жолаушыны, багажды және жүкті халықаралық әуемен тасымалдаумен байланысты туындайтын өзара қарым -қатынастарды реттеу жолаушының өзінің, жүк жөнелтушінің (жүк алушының) ерекше өкілеттігіне жатады және Әуе компаниясының міндеті болып есептелмейді.
- 4) ҚР-да болуының орынсыздығы туралы шешім қабылданған жолаушы ҚР аумағынан заңмен қарастырылған тәртіппен шығуға міндетті.
- 5) Белгіленген мерзім ішінде ҚР аумағынан кетпеген жолаушы жер аударылады. Жер аудару дегеніміз жолаушының ҚР аумағында ары қарай болуы (тұруы) үшін заңды негіздемелер күшін жойған немесе тоқтатқан жағдайда, ҚР аумағынан шетелдік азаматты (азаматсыз тұлға) мәжбүрлі түрде шығаруға негізделеді.
- 6) Шетелдік азаматтарды жер аудару ішкі істер органдарымен өзара әрекеттегі миграциялық қызмет органдарымен, сонымен қатар атқарушы биліктің басқа органдарымен және олардың өкілеттігінің шегінде олардың аумақтық органдарымен жүзеге асырылады.
- 7) Егер құзыретті мемлекеттік органдар Тасымалдаушыға жеткізу еліне кіргізуден бас тартылған жолаушыны жөнелту әуежайына немесе басқа әуежайға қайтаруды міндеттеген жағдайда, онда жолаушы немесе оның шақырылуын рәсімдеген ұйым Тасымалдаушыға осы тасымалдаумен байланысты келтірілген барлық шығындарды өндіріп беруге міндетті.
- 8) Жолаушы Тасымалдаушыға осы жолаушыны жеткізу, трансфер немесе транзит еліне кіруінен бас тартумен байланысты Тасымалдаушыға келтірілген басқа да шығындарды (айыппұлды төлеу, кепілді енгізу) өндіріп беруге міндетті.
- 9) Тасымалдаушы шығынды өндіріп алуды талап етуге және құзыретті органдардың талабы бойынша осы жолаушыны жер аударумен байланысты барлық шығындарды өндіріп алу мен тиісті тарифтерді төлеуге жіберуге, жолаушыға келтірілген немесе пайдаланылмаған тасымалдау үшін Жолаушыны рәсімдеу үшін келтірілген кез келген соманы немесе жолаушымен немесе тасымалдауды төлеген ұйыммен төленген және Тасымалдаушының иелігіндегі кез келген басқа сомаларды төлеуге тапсыруға құқығы бар.
- 10) Тасымалдаушы жөнелту себептеріне қатысты мәліметке құқығы бар, өйткені өзінің жолаушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша міндеттемелер мен жауапкершілікті мойнына алады және сондықтан төмендегілерді жүзеге асыра алады:
  - Жер аударылған тұлғалардың әрекет ететін тариф бойынша сатып алынған билеттерге ие құзыретті органдардың өкілдерімен сүйемелденуін талап ету;
  - Жер аударылған тұлғаларды өздерінің рейстерінде тасымалдау үшін қабылдамауға.
- 11) Егер мемлекеттік органдар Жолаушыны жөнелту орнына қайтаруға немесе жер аударылған Жолаушының басқа орынға қайтарылуын міндеттейтін болса, онда Жолаушы немесе оны жер аударып отырған ұйым Тасымалдаушыға осы тасымалдауға байланысты туындаған барлық шығындарды өндіріп беруге міндетті.

### Елге кіргізілмеген жолаушы

- 1) Шетелдік мемлекеттің және ҚР-ның аумағына кіргізуден бас тартылған Жолаушыларды тасымалдау (құжат етілмеген Жолаушылар) Азаматтық авиация саласындағы халықаралық заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

2) Тасымалдаушының рейсімен келген және визасының жоқтығынан, төлқұжатының жарамдылық мерзімі өтіп кетуіне және т.б. байланысты елге кіруге рұқсат ала алмаған немесе оларға қатысты құзыретті мемлекеттік органдар елден ~~ғару~~ туралы шешім қабылдаған Жолаушыларға құзыретті органдар «Жер аудару туралы акт» толтырады.

3) Рұқсат етілмеген Жолаушы Тасымалдаушының (және, егер ондай тұлғалар болған жағдайда, басқа қатысушы әкетуші тасымалдаушылардың) кері тасымалымен, кіру жерінде бас тартылған орында және кейінгі бағытта трансфер орындарында орналастыру мен тамақтандыруға байланысты барлық шығындарды өндіріп беру үшін жауапкершілікті мойнына алады.

4) Тасымалдаушы Жолаушының немесе Жолаушыны рәсімдеуші тасымалдаушының билігіндегі ұйымның тарапынан келтірілген кез келген сомадағы, атап айтқанда Әуемен тасымалдау сомасына және Әуе компаниясының басқа да қызметтеріне енгізілген кез келген сомадағы келтірілген шығындарға төлем жасауға құқығы бар.

5) Елге кіргізілмеген немесе жер аудар~~ғанын~~ Жолаушының Билетін рәсімдеу Тасымалдаушының технологиясына сәйкес «Жер аудару туралы актінің» негізінде жүзеге асырылады.

## Тарифтерді қолдану ережелері.

### 1 Тарау. Жалпы ережелер

#### 1.1. Ережелерді тағайындау

- 1.1.1. Аталған ережелер «SCAT» Әуе компаниясы» АҚ-ның ішкі және халықаралық желілерінде жолаушылар тасымалын сату кезінде тарифтерді қолдану шарттарын реттейді, сонымен қатар тарифтік құрамдас бөліктердің есептерінің үрдісін реттейді.
- 1.1.2. Аталған ережелер, сонымен қатар оларды ары қарай дамыту үшін шығарылған тарифтерді қолдану ережелерін реттейтін ұсаулар мен құжаттар алдын ала хабарлама берместен, әуе компаниясының тарапынан өзгеруі мүмкін. Алайда егер тасымалдау орындалып жатса немесе орындалып қойса, онда осы тасымалдауға қатысты осындай өзгертулер қолданылмайды.
- 1.1.3. Аталған Ережелерді қолдануға қатысты және жолаушылар мен міндеттерін орындап жүрген лауазымды тұлғалардың арасындағы өзара қарым-қатынастар барысында туындайтын барлық мәселелер төмендегідей шешіледі:
  - әуе тасымалдауларын сату жөніндегі агенттіктерде – агенттіктің басшысы.
  - өкілдіктерде – оның өкілеттілігінің шегіндегі өкілмен.
- 1.1.4. Барлық жаңадан жарияланған тарифтер, мөлшерлемелер мен жолаушыларды тасымалдауды сату барысында қолданылатын алымдар мен олармен байланысты қосымша қызметтер әуе компаниясының Президенті оларды бекіткеннен кейін, «SCAT» Әуе компаниясы» ҚБ басшылығының тиісті бөлімдерімен бекітіледі, тіркеледі әрі жарияланады.

### 2 Тарау. Тасымалдауды сату

#### 2.1. Тасымалдауды рәсімдеу

- 2.1.1. Билет келісімшартты және жолаушыны әуемен тасымалдау шарттарын жасасуды куәландыратын атаулы келісімшарттық құжат болып есептеледі.
- 2.1.2. Жолаушы Тасымалдаушының немесе оның агентінің тарапынан тиісті түрде рәсімделген және берілген жарамды билеті болған жағдайда ғана тасымалдауға жіберіледі. Егер ұсынылған билет оған Тасымалдаушы немесе оның агентінен басқа тұлғаның тарапынан енгізілген өзгертулер мен өзгерістерге ие болса, Жолаушы тасымалдауға жіберілмейді.
- 2.1.3. Билет жолаушыны және оның багажын жөнелту орнынан бастап жеткізу орнына дейін онда көрсетілген бағыт пен қызмет көрсету санаты бойынша тасымалдау үшін жарамды болып есептеледі. Әрбір ұшу купоны немесе бақылау талоны жолаушы мен оның багажын тек сонда көрсетілген бағыт аумағы бойынша, қызмет көрсету санаты, орын брондалған күні мен рейсі бойынша тасымалдау үшін жарамды болып табылады.
- 2.1.4. Ұшу купондары жөнелту орнынан бастап билетте көрсетілген тасымалдау бағытынан өтуде қатаң реттілік бойынша ғана ұшуға жарамды болып табылады.
- 2.1.5. Тасымалдауды рәсімдеу кезінде агент SITA-Gabriel, Amadeus, Сирена-Трэвел брондау жүйелерінде жарияланған тарифтерді қолдану алымдарын және ережелерін басшылыққа алуға міндетті.
- 2.1.6. Тасымалдауды сату кезінде, жолаушылар мен олардың багаждарын әуемен тасымалдауға қолданылатын тарифтер, алымдар, ережелер мен шектеулер тасымалдауды бастау үшін әрекет етуі тиіс.
- 2.1.7. Егер басқаша жағдай қолданылатын тарифтің ережелерімен мәлімденбеген болса, әуе билеттерін ашық күнді көрсету арқылы рәсімдеуге рұқсат берілмейді. Егер билетті брондау/рәсімдеу ашық ұшу күнін көрсете отырып жүзеге асырылған болса, агент брондау ережелерін бұзғаны үшін айыппұл төлеуге міндетті.
- 2.1.8. Егер басқаша жағдай қолданылатын тарифтің ережелерімен мәлімденбеген болса, тарифтерді құрамдастыруға рұқсат берілмейді. Егер билетті брондау/рәсімдеу әртүрлі

санаттарда жүзеге асырылған болса, агент брондау ережелерін бұзғаны үшін айыппұл төлеуге міндетті.

## **2.2. Әуе билетінің жарамдылығы:**

- 2.2.1 Тасымалдауға берілетін әуе билетінің жарамдылық мерзімі қолданылатын тарифтің шарттарымен анықталады.
- 2.2.2 Ұшу үшін қалыпты тарифтер бойынша сатылған әуе билетінің ең жоғарғы жарамдылық мерзімі – тасымалдау күнінен бастап 1 жыл мерзімін құрайды.  
Арнайы тарифтер бойынша сатылған әуе билеттерінің жарамдылық мерзімі қолданылған тарифтің шарттарымен анықталады.
- 2.2.3 Егер тасымалдау басталып қойса, онда тарифке, алымға, жеңілдікке немесе ережеге енгізілген кез келген өзгеріс ұшу үшін алдын ала рәсімделген билеттің жарамдылық мерзімінің кезеңінде жолаушымен жасалған әуемен тасымалдау келісімшартына әсер етпеуі тиіс.

## **2.3. Әуе билетінің жарамдылық мерзімін мәжбүрлі түрде созу**

- 2.3.1 Билеттің жарамдылық мерзімі, егер жолаушы билеттің жарамдылық мерзімінің ішінде төмендегі жағдайларда ұша алмаған болса, алғашқы төленген тарифке сәйкес келетін қызмет көрсету санатында бос орын болатын Тасымалдаушының ең жақын рейсіне дейін ұзартылады:
  - 1) билетте көрсетілген рейсті алып тастау немесе кешіктіру;
  - 2) билетте көрсетілген әуежайға әуе кемесінің қондырылмауы;
  - 3) билетте көрсетілген рейс пен күні оған орын беру мүмкінсіздігінен жолаушыны жөнелту орын алмаса;
  - 4) рейсті орындамаған әуе кемесінің жөнелту әуежайына қайтуы;
  - 5) әуе кемесінің кешіктірілуінің немесе қайта отырғызу әуежайына жолаушының келуге тиісті рейсін жоюдың нәтижесінде оның билетінде көрсетілген рейске қайта отырғызу әуежайынан жолаушыны жөнелту орын алмаған жағдайда;
  - 6) кестеде көрсетілген әуе кемесінің түрін ауыстыру;
  - 7) билетте көрсетілген санат бойынша қызмет көрсетпеу;
  - 8) әуе кемесінің мәжбүрлі түрде отырғызылу себебіне байланысты рейсте үзіліс жариялау;
  - 9) жолаушының немесе әуе кемесінде онымен бірге еріп жүрген оның жанұясының мүшесінің науқастануы;
  - 10) тексерумен байланысты жолтауде кешіктірулердің орын алу себебі бойынша жолаушының ұшудан бас тартуы немесе ұшуды жалғастырудан бас тартуы
  - 11) әуе компаниясының билетті дұрыс рәсімдемеуі.
- 2.3.2 Егер тасымалдау үшін билетке ие жолаушы орынды брондау туралы өтінішпен хабарласатын болса, ал Тасымалдаушы билетті жарамдылық мерзімінің ішінде орынды ұсыну мүмкіндігіне ие болмаса, онда мұндай билеттің жарамдылық мерзімі алғашқы төленген тарифке сәйкес келетін қызмет көрсету санаты бойынша бос орынға ие Тасымалдаушының ең жақын рейсіне дейін ұзартылады.
- 2.3.3 Егер жолаушы өзінің науқасының кесірінен немесе өзімен бірге әуе кемесінде еріп жүрген оның жанұясының мүшесінің науқасының нәтижесінде билеттің жарамдылық мерзімінің ішінде басталған ұшуды аяқтай алмаса, онда мұндай билеттің жарамдылық мерзімі медициналық қорытындыға сәйкес ол немесе оның жанұясының мүшесі ұша алатын жағдайда болғанға дейінгі күнге дейін немесе осы күннен кейін алғашқы төленген тарифке сәйкес келетін қызмет көрсету санатында бос орын болған жағдайда, алайда 10 күннен асырмастан, ұзартылады.  
Бұл жағдайларда науқас жолаушыны сүйемелдеуші жанұя мүшелерінің билеттерінің жарамдылық мерзімі дәл сол мерзімдерге ұзартылады.
- 2.3.4 Қолданылған тарифтің түріне қарамастан, қайтару үшін пайдаланылмаған әуе билетінің жарамдылық мерзімі – 1 жыл.  
- толық пайдаланылмаған билет кезінде – тасымалдауды сату күнінен бастап;

- жартылай пайдаланылған әуе билеті кезінде – алғашқы рәсімделген билетте көрсетілген тасымалдауды бастау күнінен бастап.

2.3.5 Егер жөнелту орнынан бастап ұшу купондарын пайдалану реттілігі бұзылмаған болса, ұшу купондары соманы қайтару үшін жарамсыз болып табылады.

#### **2.4. Билетті қайта рәсімдеу немесе қайта брондау.**

2.4.1. «SCAT» әуе билеттерін қайта брондау тарифті қолдану ережелеріне сәйкес айыппұлды алу арқылы жүзеге асырылады. Айыппұл үшін ХСБ жазылады және ХСБ нөмірі «Қосымша шектеулер» деп аталатын қатарға жазылады. Әуе билетінің ұшу қатарына стикер жапсырылады, билеттегі орын брондау жүйесіне қайтару арқылы алынады да, баспабеттің дәл осы нөмірін көрсете отырып қажетті күнге сатуға енгізеді. Қайта брондауды алғашқы тасымалдауды рәсімдеген агент немесе « SCAT» әуе компаниясының өкілі орындауы мүмкін.

2.4.2. Кез келген бағытты өз бетінше өзгерту немесе әуе билетінің жарамдылық мерзімін өзгертуге әкеп соқтырған кез келген өзгеріс әуе билетінің қайта рәсімделуін талап етеді.

2.4.3. Егер жаңа брондау тарифті немесе бағытты өзгертуді талап етпеген болса, оны рәсімдеместен, оның тасымалдауға жарамдылық мерзімінің шегінде және билетті алғашқы рәсімдеу кезінде белгіленген мерзімде билетті пайдалану үшін жолаушының жазбаша келісімі болған жағдайда, қосымша жапсырманың (стикердің) көмегімен әуе билетін қайта рәсімдеуге жол берілмейді.

2.4.4. Ерекше жағдай ретінде қызмет көрсету санатын арттырған жағдайда билетті қайта рәсімдеместен, брондауды өзгертуге жол беріледі. Бұл жағдайда ХСБ көмегімен қызмет көрсету санаттарындағы айырмашылық үшін артық төлемді ала отырып, стикерді пайдалану арқылы, егер жаңа брондау әуе билетінің жарамдылық мерзімін, бағытты өзгерту немесе тасымалдауды ауыстыру және тағы да басқа сияқты тарифті пайдаланудың әрекет ететін шарттарын бұзбаса, жүзеге асырылуы мүмкін.

2.4.5. Алғашқы ұшу күнін қайта рәсімдеу және қажетті төлемдерді есептеу билетті қайта рәсімдеу күні әрекет ететін тарифтердің, алымдардың және ережелердің негізінде жүзеге асырылады. Барлық қосымша алымдар мен төлемдер тасымалдауды қайта рәсімдеу күні әрекет ететін тарифтер мен алымдар және алғашқы төлемнің тарифтері мен алымдарының арасындағы айырмашылықтардың негізінде есептеледі.

2.4.6. Сату күні мен тасымалдау басталған күнінің арасында орын алған валюта айырбастау курсы алмастырудың нәтижесінде туындаған тариф немесе алым сомасының өзгеруі кезінде әуе билетін қайта брондау жағдайында, жолаушы тарифтегі айырмашылықты төлемейді немесе оған тасымалдауға қабылдау кезінде мұндай айырмашылық қайтарылмайды. Алайда, егер жолаушы әуе билетін қайта рәсімдеу туралы өтінішпен хабарласқан жағдайда, онда барлық қосымша алымдар мен төлемдер қайта рәсімдеу күні әрекет ететін валюта айырбастау курсы негізге ала отырып есептелуі тиіс. Жартылай пайдаланылған әуе билеті кезінде тасымалдауды қайта рәсімдеу немесе қайта брондау кезінде қайта ұшу орнында валюта айырбастау курсының айырмашылығы есепке алынбайды.

2.4.7. Алғашқысының орнына жазылған кез келген толық пайдаланылмаған, қайта рәсімделмеген билетті тасымалдау үшін жарамдылық мерзімі тасымалдау басталған жаңа күннің негізінде анықталады. Ерекше жағдай ретінде алғашқы шарттар толығымен сақталатын билеттің көшірмесі болуы тиіс.

Жартылай пайдаланылған әуе билетін қайта рәсімдеу кезінде, жаңа әуе билетінің жарамдылық мерзімі алғашқы рәсімделген әуе билетінде көрсетілген тасымалдау басталған күннен бастап есептелуі тиіс.

2.4.8. Әуе тасымалдаушысының кінәсінен азырақ жаққа тасымалдаудың құнын өзгерту орын алған жағдайларда, мысалы, ұшақтың түрін ауыстыру кезінде, немесе рейсті алып тастау кезінде, өзгертілген тасымалдау аумағындағы тарифтердің арасындағы ХСБ берумен нақты ұсынылатын тасымалдаудан құны бойынша жаңа әуе билеттерді берумен өзгертілген ұшу алаңында ұшу купонын қайта рәсімдеу қажет.

Сонымен қатар арнайы немесе тура тариф бойынша рәсімделген тасымалдау қайтару сомасын есептеу қайта рәсімделетін бағытта әрекет ететін үлкен тарифтер бір бағытқа азырақ тарифке бір бағытқа шегеру арқылы жүзеге асырылады.

- 2.4.9. Билетті ерікті түрде қайта рәсімдеу, егер осындай қайта рәсімдеу қолданылмаған тарифтің шарттарына қайшы келетін болса, тасымалдау үшін әуе билетінің жарамдылық мерзімінің ішінде ғана мүмкін.

### **3 Тарау. Пайдаланылмаған әуе билеттері үшін соманы қайтару.**

- 3.1. Пайдаланылмаған билет, оның бөлігі, төлеу бағажының түбіртегі бойынша соманы қайтару туралы арызәуе компаниясының тарапынан құжаттың жарамдылық мерзімінің ішінде, алайда осы мерзім өткен кезде 30 күнтізбелік күннен кешіктірместен, қабылданады.
- 3.2. Соманы қайтару билетте көрсетілген тұлғаға немесе билетке төлеген тұлғаға жүзеге асырылады.
- 3.3. Билетке төлемеген, алайда билетте көрсетілген жолаушы болып есептелмейтін тұлға әуе компаниясынан немесе оның агентінен әуе компаниясының осы билет бойынша пайдаланылмаған тасымалдау үшін соманы кімге қайтаруы тиіс белгіні жасауды талап етеді.
- 3.4. Соманы қайтару әуе компаниясы жолаушы купонын (чекті) және барлық пайдаланылмаған ұшу билетінің купондары немесе төлем бағажының түбіртекттерін ұсынған жағдайда ғана жүзеге асырылады.
- 3.5. Қайтаруға жататын сома тасымалдауды сату күні әрекет ететін тарифтің, алымның және валюта айырбастау курсының шамасын негізге ала отырып есептеледі.
- 3.6. Қайта рәсімделген әуе билетін қайтару кезінде қайтару сомасы пайдаланылған тасымалдау алаңдарын есепке ала отырып және төмендегілерді негізге ала отырып есептеледі:
- валюта айырбастау курсына сәйкес тасымалдау үшін алғашқы төленген тарифтің және алымның сомасын.
  - тасымалдауды қайта рәсімдеу күні әрекет ететін валютаны айырбастау курсына сәйкес тасымалдауды қайта рәсімдеу мезетінде жүзеге асырылған тарифке төлеу сомасын.
  - егер осындай қосымша алымдардың сомасы қайтаруға жататын болса, тасымалдауды қайта рәсімдеу күні әрекет ететін валютаны айырбастау курсына сәйкес тасымалдауды қайта рәсімдеу мезетінде жүзеге асырылған тарифтің, қосымша алымдардың сомасын.
- 3.7. Әуе компаниясының немесе оның агентінің берген билеті мен төлем бағажының түбіртегі бойынша соманы қайтару – алғашқы билетті беретін елде (сатып алу орны бойынша) немесе қайтару үшін билеттің жарамдылық мерзімінің шегінде әуе билетінің қайтарылуы жүзеге асырылатын елдегі әуе компаниясының өкілдігінде жүзеге асырылады.
- 3.8. Соманы қайтару Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жолаушының өтініші бойынша немесе алғашқы тасымалдау төлемінің валютасымен жүзеге асырылады.
- 3.9. Әуе компаниясының қайтарылуы рәсімделген кезде, орынды алып тастау туралы брондау жүйесінен басып шығару беті тіркеледі.
- 3.10. Тасымалдаудан өз бетінше бас тарту орын алған жағдайда, егер келесі ұшу купондары пайдаланылып қойса, билет пайдаланылмаған ұшу купонына ие ақшаны қайтару үшін жарамды емес.
- 3.11. Тексеруден немесе тіркеуде өткен және ұшудан бас тартқан жолаушыларға арналған билеттерді қайтару келесі тәсілмен жүзеге асырылады:
- билетке «SCAT» әуе компаниясының өкілінің тегі (анық) мен қолы қойылады;
  - жолаушының жеке тұлғасын куәландыратын құжаттың көшірмесі түсіріліп, қайтару бойынша тізіліммен бірге есепке қосымша ретінде тіркеледі;
  - тізілімге қайтару сомасы мен жолаушының қолы қойылады.
- Жоғарыда көрсетілген құжаттар ұсынылмастан, тіркеуді немесе есепке тексеруден өткен (қайтару бойынша) КАБ қайтарылмайды.
- 3.12. Мәжбүрлі өзгерту/қайтару.

Ескерту: Қайтару үшін билеттің жарамдылық мерзімі – 1 жыл, билетті мәжбүрлі түрде қайтару себебі туралы әуежайдың немесе әуе компаниясының қызметінің тиісті белгісі болған жағдайда.

- a. Тасымалдаудан мәжбүрлі түрде бас тартқан кезде, ұшу купондарын пайдалану кезектілігін бұза отырып, падаланылмаған тасымалдау үшін соманы қайтаруға жол берілмейді.
- b. Әуе билетін қайтару кезінде, падаланылмаған тасымалдау аумақтарында әрекет ететін әуежай алымдары жолаушыға қайтарылады.

#### **4 Тарау. Алымдар**

- 4.1. Алымдар брондау үжесінде жарияланған тарифтерді қолдану ережелеріне сәйкес алынады.
- 4.2. Тасымалдау бағытына қарамастан, алым төмендегілерден алынбайды:
  - кәдімгі жылдық тарифтер бойынша жазылған әуе билеттерінен;
  - ақысыз әуе билеттерінен;
  - қызметтік іссапарға шыққан немесе іссапардағы әуе компаниясының іссапарға жіберілген жұмысшыларына рәсімделген қызметтік әуе билеттерінен.
  - әуе тасымалдаушысының кінәсі бойынша тасымалдаудан мәжбүрлі бас тарту жағдайында;
  - алғашқы жазылған әуе билетінде көрсетілгендей, дәл сол күні және дәл сол рейспен қызмет көрсету санатын мейлінше жоғарғысына арттырған кезде.
  - жолаушының науқастығына байланысты мәжбүрлі түрде тасымалдаудан бас тартқан кезде (емдеу мекемесінен анықтаманы ұсынған кезде).

Рейске келмегені үшін алым (No-Show) – рейстердің түйісуінің бұзылуынан бөлек, қандай да бір себептер бойынша, жөнелту әуежайына уақтылы келмедің себебінен өзінің атына тіркелген орынды пайдаланбаған жолаушыдан алынатын алым.

No-Show – Қазақстан бойынша ішкі рейстерде – ұшуға дейін 1,5 сағат.

No-Show – халықаралық рейстерде – ұшуға дейін 3 сағат.

#### **4.3. Қағаз әуе билетінің баспабеті үшін алым.**

Қайтаруды рәсімдеу кезінде келесі жағдайларда алым алу керек:

- Қазақстан Республикасының аумағы бойынша сату кезінде - әрбір әуе билеті үшін 200 теңге;
- Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде сату үшін - 1 евро, қайтару үшін төлемді төлем жасау күні әрекет ететін, сату жүзеге асырылып отырған аумақта Елдің Ұлттық банкінің курсы бойынша ұлттық валютамен.

КАБ жойылуына әкеп соқтыратын КАБ дұрыс толтырмау кезінде, әрбір бүлдірілген КАБ үшін 200 теңге мөлшерінде айыппұл төленеді, Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде сату кезінде – 1 евро немесе төлем жасау күні әрекет ететін, сату жүзеге асырылып отырған аумақта Елдің Ұлттық банкінің курсы бойынша ұлттық валютамен.

КАБ жоғалған жағдайда, 30000 теңге мөлшерінде айыппұл төленеді (Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде – 200 АҚШ доллары), ал егер келтірілген зиян сомасы 30000 теңгеден асып кететін болса, әрбір жоғалған баспабет үшін « SCAT» әуе компаниясына келтірілген зиянның мөлшерінде төленеді.

#### **4.4. Қайта брондау үшін алым.**

Егер бақаша жағдай осындай тарифті қолдану ережелерінде мәлімденбеген болса, экскурсиялық немесе арнайы тарифтер бойынша рәсімделген әуе билеті бар әрбір жолаушыдан тарифті қолдану ережесіне сәйкес қайта брондау үшін алым алынады. Сонымен қатар, қайта брондау үшін алымдарды алу әрбір сегмент үшін жүргізіледі.

Ескерту:

Алым төмендегілерден алынбайды:

- кәдімгі жылдық тарифтер бойынша рәсімделген әуе билеттерінен;
- қызметтік іссапарға шыққан немесе іссапардағы әуе компаниясының іссапарға жіберілген жұмысшыларына рәсімделген қызметтік әуе билеттерінен;
- егер брондау уақтылы орынды қайтармағаны үшін салынатын алым өндірілген әуе билеті бойынша жүргізілетін болса;
- егер брондау ~~ал~~ сол күні және дәл сол рейс өміріне жоғарырақ қызмет көрсету санатына қосымша төлем жасау арқылы;
- ішкі рейстерде рәсімделген әуе билеттерінен.

#### 4.5. Көшірмесі.

Билетті немесе оның кез келген бөлігін жоғалтып қойған немесе зақымдаған жағдайда немесе ұшу купондары жоқ билетті ұсынған жағдайда, жолаушының өтініші бойынша, чекті қосымша ретінде тіркей отырып, әуе компаниясы осындай билеттің орнына билеттің көшірмесін береді.

Әуе компаниясы жолаушыға көшірмені шығарып беруден бас тартуға құқығы бар, егер:

- жолаушы алғашқы тасымалдау құжаты жөнінде нақты мәліметті ұсына алмаса;
- жолаушы 3 сағат бұрын немесе рейс ұшып кеткеннен кейін хабарласса;
- алғашқы брондау мен сату брондау жүйесінде расталмаған болса;
- алғашқы билет интерлайн-серіктес баспабетінде рәсімделген болса.

Көшірмесі жолаушыға тек ол әуе көлігімен тасымалдау үшін жарамды және ішкі істер органдарының тарапынан берілген анықтаманы немесе жеке тұлғасын куәландыратын құжатты ұсынғаннан кейін ғана беріледі.

Көшірмені рәсімдегеннен кейін алғашқы әуе билеті табылған жағдайда, көшірмені рәсімдеу үшін алым жолаушыға қайтарылмайды, жолаушыны тасымалдау әуе билеті бойынша жүргізіледі.

Әуе билеті жоғалған жағдайда, жолаушы «SCAT» ӘК» АҚ-ның сол қаладағы жеке сату кеңсесіне немесе Арыз - Кепілдік Міндеттемесінің үлгісі жолаушыға берілетін Әуе компаниясының өкілдігіне хабарласуы тиіс. Аталған үлгіні жолаушы толтыруы және үлгі жолаушының жеке қолымен куәландырылған болуы тиіс.

## Арыздың және Кепілдік міндеттемесінің үлгісі.

«SCAT» әуе компаниясы» АҚ-ның Президенті  
В.И.Денисовке  
азамат

---

(жолаушының Т.А.Ә. толығымен)

---

(төлқұжатының сериясы/нөмірі)

---

(тұрғылықты мекен-жайы)

---

---

(байланыс телефондары)

### АРЫЗ – КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕСІ

Мен, төменде өз қолымды қоюшы, өзімнің әуе билетті жоғалтып алғаным туралы мәлімдеймін және маған оның көшірмесін беруге рұқсат сұраймын.

Жоғалтып алған әуе билетінің көшірмесін алған жағдайда, мен әуе компаниясына кез келген шығындарды немесе шығыстарды, оның ішінде маған осы көшірмені берумен байланысты әуе компаниясына мүмкін шағым келтірумен байланысты немесе менің жоғалтқан әуе билетімді ұшу үшін пайдаланумен немесе онақайта ұсынумен байланысты шығындар мен шығыстарды әуе компаниясына өндіріп беру үшін міндеттемені өз мойныма аламын.

Маған көшірмесін ұсынғаннан кейін, жоғалған әуе билетін анықтаған жағдайда, мен оны тез арада әуе компаниясына маған ешқандай ақша қаражатын төлеместен қайтарамын.

Осы арызға қосымша ретінде жоғалған әуе билеті бойынша келесі мәліметтерді хабарлаймын:

- жоғалған әуе билетті сатып алу орны мен күні:

- 
- рейстің ұшу бағыты мен күні:
- 

### АРЫЗДАНУШЫНЫҢ НАЗАРЫНА

- Осы арыз – кепілдік міндеттемесі берілген арызды қарауға қажетті толық мәлімет пен арызданушының төлқұжатының көшірмесі қосымша ретінде ұсыныла отырып, оны кәмелетке толған тұлға өзі жеке толтырған жағдайда, оның жеке қолы қойылған жағдайда ғана қарауға жарамды ретінде танылады.
- Егер арызданушы өшірмені беруге қажетті толық емес немесе жеткіліксіз мәліметтерді ұсынған жағдайда немесе арызданушының кеш хабарласуы кезінде және рейстің ұшу күніне дейін уақыттың жетіспеушілігі кезінде, әуе компаниясы арызданушыға оның жоғалтқан әуе билетінің көшірмесін беруден бас тартуы мүмкін.
- Жолаушының жоғалтқан билетінің көшірмесі жолаушының ұшу үшін жоғалған (алғашқы) билеттің жарамдылық мерзімінің шегінде жолаушы хабарласқан жағдайда және жоғалған (алғашқы) билетте көрсетілген мәліметтер (рейс бағыты, нөмірі, күні) бойынша ғана рәсімделеді.

#### 4.6. Басқа алымдар.

Тасымалдауларды сату кезінде жолаушыдан барлық әуежайлық және басқа да брондау және сату жүйесінде жарияланған алымдарды алу қажет.

## 5 Тарау. Балалар тарифтері.

### 5.1. Балаларға арналған стандартты жеңілдіктер.

5.1.1. Балалар ересек жолаушыларды сүйемелдеуімен, сонымен қатар сүйемелдеуінсіз де тасымалданады.

#### Ішкі тасымалдаулар кезінде (Қазақстан бойынша):

- 18 жастан жоғары жолаушы 2 жасқа дейінгі жастағы бір баланы - "INFANT" – оған жеке орын ұсынбастан алып жүруге құқығы бар. "FARE BASIS" қатарында **IN00** коды бар тарифті көрсету керек.

- Басқа 18 жастан жоғары жолаушымен бірге еріп жүретін 2 жасқа дейінгі жастағы балалар ішкі рейстерде қолданылатын тарифтің 50% төлемді билетімен және жеке орын ұсына отырып тасымалданады. "FARE BASIS" жолағына **IN50** коды бар тарифті көрсету керек.

- 2 жастан 14 жас а дейінгі балалар (қоса санағанда) - "CHILD" – ішкі рейстерде қолданылатын тарифтің 50% төлемді билетімен, 18 жастан жоғары ересек жолаушының сүйемелдеуімен тасымалданады. "FARE BASIS" жолағына **CH50** коды бар тарифті көрсету керек.

- 6 жасқа дейінгі сүйемелденбейтін балаларды тасымалдауға рұқсат етілмейді

- 6 жастан 13 жасқа дейінгі сүйемелденбейтін балаларды (қоса санағанда) – тасымалдауға рұқсат етіледі. Тасымалдау әлемі қолданылатын тарифтің ережелеріне сәйкес болады. "FARE BASIS" жолағына **UM** коды бар тарифті көрсету керек.

#### Халықаралық рейстерде тасымалдау кезінде:

- 18 жастан жоғары жолаушы 2 жасқа дейінгі жастағы бір баланы - "INFANT" – оған жеке орын ұсынбастан алып жүруге құқығы бар. "FARE BASIS" қатарында **IN00** коды бар тарифті көрсету керек.

- Басқа 18 жастан жоғары жолаушымен бірге еріп жүретін 2 жасқа дейінгі жастағы балалар ішкі рейстерде қолданылатын тарифтің 50% төлемді билетімен және жеке орын ұсына отырып тасымалданады. "FARE BASIS" жолағына **IN50** коды бар тарифті көрсету керек.

- 2 жастан 11 жасқа дейінгі балалар (қоса санағанда) - "CHILD" – халықаралық рейстерде қолданылатын тарифтің 50% төлемді билетімен, 18 жастан жоғары ересек жолаушының сүйемелдеуімен тасымалданады. "FARE BASIS" жолағына **CH50** коды бар тарифті көрсету керек.

- 6 жасқа дейінгі сүйемелденбейтін балаларды тасымалдауға рұқсат етілмейді

- 6 жастан 15 жасқа дейінгі сүйемелденбейтін балаларды (қоса санағанда) – тасымалдауға рұқсат етіледі. Тасымалдау төлемі қолданылатын тарифтің ережелеріне сәйкес болады. "FARE BASIS" жолағына **UM** коды бар тарифті көрсету керек.

5.1.2. Балаларға арналған жас ерекшелік шектеулері алғашқы ұшу купоны бойынша тасымалдау басталған күні қолданылады.

5.1.3. Билет балаға ұсынылып отырған құжаттардың – келу еліне кіру ережелеріне байланысты: төлқұжат немесе туу туралы куәліктің негізінде беріледі. Құжаттың көшірмесі AUDIT купонға қосымша ретінде тіркеледі.

Егер әмелетке толмаған Қазақстан Республикасының азаматы Қазақстан Республикасынан сүйемелдеусіз шығатын болса, ол өзімен бірге төлқұжаттан басқа, баланың барайын деп отырған елінің (елдерінің) және шығу мерзімін көрсете отырып,

Қазақстан Республикасының кәмелетке толмаған азаматының шығуы үшін ата-аналарының, асырап алушыларының, қамқоршылары немесе қорғаншылар ының нотариалды рәсімделген келісімі болуы тиіс.

## **6 Тарау. Багажды ақысыз алып өту нормалары мен Нормадан тыс багаж.**

Жолаушының тасымалдайтын бүкіл багажы, кабинадағы багажды қоса алғанда, рейсті тіркеу барысында сынылуы тиіс, бұл жағдай ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарынан туындаған. Багажды ақысыз алып өту нормалары қызмет көрсету санатына байланысты.

Іскерлік санат – **30 кг.**

Үнемді санат – **20 кг.**

- Қазақстан бойынша багажды алып өту саны:

- 2 жасқа дейінгі бала үшін – 0 кг ;
- 2 жастан 14 жасқа дейінгі балалар үшін (қоса санағанда) – 20 кг.

- халықаралық рейстер бойынша багажды алып өту саны:

- 2 жасқа дейінгі бала үшін – 0 кг;
- 2 жастан 11 жасқа дейінгі балалар үшін (қоса санағанда) – 20 кг.

Егер жолаушының багажы салмағы, ені немесе биіктігі бойынша багажды ақысыз алып өту нормасынан асып кететін болса, жолаушы жарияланған тариф бойынша нормадан тыс багаж үшін төлейді. Тариф үнемі «бір тарапқа» қарай есептеледі.

## **7 Тарау. Интерлайн тасымалдауларды сату.**

- 7.1. Шетелдік әуе компанияларының рейстеріне тасымалдауларды сату – сол сату жүзеге асырылатын «Интерлайн» әуе компаниясымен келісімі болған жағдайда жүзеге асырылады.
- 7.2. Бір баспабетке бүкіл бағыттағы билетті рәсімдеу мүмкін болмаған ерекше жағдайларда, тасымалдау құжаттарын рәсімдеу «SCAT» Әуе компаниясы» АҚ-ымен «Интерлайн» келісімдері қол қойылған шетелдік тасымалдаушылардың рейстеріне ғана рәсімдеуге жол беріледі.

## **8 Тарау. Жеңілдіктер.**

### **8.1. Жастар тарифі (ZZ).**

«SCAT» Әуе компаниясы» АҚ-ның ішкі және халықаралық рейстерде қолданылады. Аталған тариф 12 жастан 25 жасқа дейінгі (қоса санағанда) жолаушылар үшін қолданылады.

Құжаттың (төлқұжат немесе жеке куәлік) көшірмесі бақылау және аудит купонына қосымша ретінде тіркелуі тиіс.

### **8.2. Зейнетақы тарифі.**

«SCAT» Әуе компаниясы» АҚ-ның ішкі және халықаралық рейстерде қолданылады.

Аталған тариф 60 жастан жоғары жолаушылар үшін қолданылады.

Құжаттың (төлқұжат немесе жеке куәлік) көшірмесі бақылау және аудит купонына қосымша ретінде тіркелуі тиіс.

## 1 Қосымша

### Терминдер, анықтамалар, қысқартулар, шартты қысқартулар мен белгілер.

Соманы қайтару (REFUND) – жолаушыға толығымен немесе жартылай пайдаланылмаған тасымалдау және/немесе онымен байланысты қызмет көрсету үшін құнының толық төленген сомасын немесе бөлігін төлеу.

Тарифтермен байланысты алынатын сомалар (RELATED CHARGES) – брондалған орыннан бас тарту, тарифтердің қайтарылмайтын бөліктері, брондауды, бағытты өзгерту үшін, тоқтату үшін төлемнің сомасы, демалыс күндері ұшу үшін қосымша төлем және т.б., сонымен қатар нормадан тыс багаж үшін төлемнің сомасы.

Топ (GROUP) – бірге саяхаттайтын (я рестелерді шектегенде) және топтарға арналған арнайы тариф бойынша билеттерді сатып алған бірнеше жолаушылар (жолаушылардың ең аз саны тарифтерді қолдану шарттарында мәлімденген).

Балалар тарифі (Children's Fare) – тасымалдау басталған кезде екі жасқа толып қойған, алайда ол 12 жасқа толмаған, балаға арналған тариф. Балалар тариф қолданылатын тариф түріне белгіленген жеңілдіктің көмегімен есептеледі.

Алдын-ала төлем туралы хабарлама – (Prepaid Ticket Advice) – бұл аталатын бірінші тұлғаның аталған тасымалдаудың алдын-ала өлемінің негізінде бір қаладағы тұлғаның тасымалдау құжаттарын басқа тұлғаға (тұлғаларға) беруін сұрауы туралы коммуникациялық хабарлама. Осылайша, РТА пайдалану тасымалдау өлемінің орнындағы басқа орында билетті беруге жол беріледі.

Бағытты өзгерту (Rerouting) – билетті қайта рәсімдеуді талап ететін тасымалдаудың алғашқы таңдап алынған өзгерісі немесе басқа өзгерістер (мысалы, тасымалдау өлемінің шарттарына қатысты, жолаушының атауы немесе билеттің жарамдылық мерзімдері).

«Барып-қайту» бағыты (Round Trip – RT) – дәл сол аумақ бойынша бір орыннан басқасына және қайта тасымалдау бағыты.

Жаңадан туылған нәресте (infant) – тасымалдау басталған күні екі жасқа жетпеген жолаушы.

Топтың ең аз мөлшері (minimum group size) – топ үшін арнайы тарифті қолдануға рұқсат беру үшін қажетті топтағы жолаушылардың ең аз саны.

Қалыпты тариф (Normal Fare) – бір жылдық жарамдылық мерзіміне ие және ешқандай шектеуліктерсіз, бірінші, іскерлік немесе үнемді/туристік санат үшін белгіленген ең жоғарғы (толық) тариф.

Тоқтау (stopover) – егер басқаша жағдай мәлімденбеген болса, келу күні, немесе келу мезетінен 24 сағаттың ішінде бағыттың аралық орнында жолаушының ұшуының үзілуі және кесте бойынша түйісу рейсі бойынша ұшпау.

Билетті рәсімдеу (ticketing) – жолаушыға билетті және осымен байланысты рәсімдеу.

Қайта брондау (rebooking) – әуе билетін қайта рәсімдеу талап етілмейтін бұрын жүргізілген брондауды өзгерту.

Қайта рәсімделген билет (reissued ticket) – алдыңғы рәсімделген билеттің орнына рәсімделген билет.

Мейлінше жоғарғы тарифке дейін қосымша төлеу (upgrading to higher fare) – тарифті мейлінше жоғарғысына өзгерту.

RTтарифтің жартысы – жарияланған қалыпты немесе арнайы RT тарифтің жартысы. Жарияланған қалыпты RT болмаған жағдайда, қалыпты OW тарифі (бір тарапқа қарай) қалыпты RT тарифінің жартысы болып есептеледі.

Бала (child) – тасымалдануы балалар тарифі бойынша төленетін 2 жастан 12 жасқа дейінгі жолаушы.

Брондаудан бас тарту үшін алым (Charge cancellation) – брондауға қатысты әуе компаниясының реттеуші құжаттарының негізінде жолаушының бронды жойғаны үшін алынатын алым.

Рейске келмегені үшін алым (No-Show) – рейстердің түйісуінің бұзылуынан бөлек, қандай да бір басқа себептер бойынша жөнелту әуежайына уақтылы келмеуінің себебінен, өзінің атына тіркелген орынды пайдаланбаған жолаушыдан алынатын алым.

Жалғамалы билет (Conjunction ticket) – бір мезетте жолаушыға берілетін және сәйкесінше тасымалдау бағытын білдіретін, бірлесе отырып тасымалдау туралы ортақ келісімді білдіретін екі немесе одан көп билеттер.

Арнайы тариф (Special fare) – сату мерзімдері, қайта ұшу орнында ең аз тоқтауды талап ету, билетті брондау/төлеу/қамтамасыз ету шарттары, жолаушының санаты сияқты кейбір арнайы шектейтін шарттарды қарастыратын қалыпты тарифтерден ерекше тарифтердің әртүрлілігі.

Тариф (Fare) – белгілі бағыт бойынша жөнелту орнынан жеткізу орнына дейін бір жолаушыны тасымалдау үшін немесе багаж немесе жүктің салмағының немесе көлемінің бірлігін тасымалдау үшін әуе компаниясының алатын төлемі.

Тура тариф (Through fare) – аралық орын (орындар) арқылы екі кейінгі құру орындарының арасындағы тасымалдау үшін қолданылатын тариф.

Трансфер (transfer) – әуемен тасымалдау келісімшартына әйкес бір рейспен қайта отырғызу әуежайына дейін тасымалдау, одан әрі тасымалдау со л немесе бақа әуе компаниясының басқа рейсімен жүзеге асырылады.